

**ЖОСЫҚСЫЗ ҚҰРЫЛЫС ЗАРДАБЫ**

7-БЕТ | МӘСЕЛЕ




**МАҢ МАҢҒЫСТАУДАН МЫҢ СӘЛЕМ**

9-БЕТ | РУХАНИЯТ

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ, ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ:

ПАРАСАТ ПЕН ЫНТЫМАҚ ЖІККЕ БӨЛІНУ МЕН ӨЗІМШІЛДІКТЕН ҮСТЕМ БОЛАРЫНА СЕНІМДІМІН. ӘЛЕМ ТАРИХЫНДА МҰНДАЙ МЫСАЛДАР ЖЕТКІЛІКТІ. ТҮПТЕП КЕЛГЕНДЕ, ЖАҺАН ЖҰРТЫ ҰЗАҚМЕРЗІМДІ БЕЙБІТШІЛІК ОРНАЙТЫН КҮНГЕ ЖЕТЕДІ. ОЛ ҮШІН МЫНАДАЙ ЕКІ ШАРТ МІНДЕТТІ ТҮРДЕ ОРЫНДАЛУҒА ТИІС. АТАП АЙТҚАНДА, ӨЗАРА ЫМЫРАҒА ДАЙЫН БОЛУ ЖӘНЕ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚҰҚЫҚ НОРМАЛАРЫН САҚТАУ. МҰНЫҢ ЕКІНШІ БӨЛІГІ – ҚАЗАҚСТАННЫҢ СЫРТҚЫ САЯСАТТАҒЫ НЕГІЗГІ ҰСТАНЫМЫ. КЕЗ КЕЛГЕН ҚАЙШЫЛЫҚТЫ БҰҰ ЖАРҒЫСЫНЫҢ НОРМАЛАРЫ МЕН ҚАҒИДАТТАРЫНА САЙ ШЕШУГЕ БОЛАТЫНЫНА КӘМІЛ СЕНЕМІН.

№133
(4566)
Бейсенбі
9 қараша
2023 жыл

# ASTANA AQSHAMY

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ

ELORDA AQPARAT
МЕДИА ХОЛДИНГІ




# КІТАПҚА ҚҰШТАРЛЫҚ ҚАДАМЫ

Астана мектептерінде рухани-танымдық жоба іске қосылды. Үшінші тоқсаннан бастап оқушылар негізгі сабақ басталмас бұрын 8 минут көркем әдеби кітап оқитын болды. Оқушының жалпы білімін, ой-өрісін кеңейтуге бағытталған бұл жобаның пайдасы зор деуге негіз бар.

3




**Тәуелсіздік күні мерекесі дәстүрлі түрде аталып өтіледі.**

Биыл Тәуелсіздік күні – 16 желтоқсан сенбіге сәйкес келеді, сондықтан қазақстандықтар дүйсенбі күні де демалады.

Тәуелсіздік күні аптасына бес күн жұмыс істейтіндер 16, 17, 18 желтоқсан күндері демалса, алты күн жұмыс істейтіндер 16 және 17 желтоқсан күндері ғана демалады.

Жалпы желтоқсан айында барлығы 11 демалыс және 20 жұмыс күні болады.



**10 желтоқсаннан бастап Астана қаласынан Алматы мен Шымкентке Тальго пойыздары кешкі уақытта жүретін болады.**

«Пойыздардың кешкі кесте бойынша қозғалысы жолаушылар үшін қауіпсіздік пен ыңғайлылықты, сондай-ақ құрамдарға техникалық қызмет көрсетудің толық циклін қамтамасыз ететін болады» делінген «Жолаушылар тасымалы» АҚ хабарламасында.

Жолаушылар пойыздарының Астанадан шығу уақыты келесідей болады:

- №86/85 Астана (Нұрлы жол) – Шымкент сағат 20:00-де;
- №4/3 Астана (Нұрлы жол) – Алматы-2 сағат 20:20-да;
- №72/71 Астана (Нұрлы жол) – Шымкент сағат 20:40-та;
- №10/9 Астана (Астана-1) – Алматы-2 сағат 20:58-де.

**«ASTANA AQSHAMY»**
**ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛУ ЖҮРІП ЖАТЫР**





## ТАЛҚЫЛАЙТЫН МӘСЕЛЕ ЖЕТКІЛІКТІ

Бүгін Ресей Федерациясының Президенті Владимир Путин Қазақстанға ресми сапармен келеді. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Известия» газетіне берген сұхбатында Ресей мен Қазақстан басшыларының арасында талқылайтын мәселе жеткілікті екенін айтты.

Қасым-Жомарт Тоқаев бұл жолы Астанада екіжақты сауда-экономикалық және мәдени-гуманитарлық ынтымақтастық мәселелері талқыланатынын атап өтті.

«Екіжақты кездесулерде немесе интеграциялық бірлестіктер аясындағы көпжақты келіссөздерде болсын, талқылайтын мәселе жеткілікті. Ресей президенті – барлық саладан жан-жақты хабардар әрі білікті тұлға. Оның жаһандық және өңірлік процестерге көзқарасы көп жағдайда қазіргі әлемдік ахуалға ықпал етеді. Сындарлы саясат және өзара тиімді нәтижеге ұмтылыс – Қазақстан мен Ресей диалогының негізгі ерекшелігі. Біз әрдайым ресейлік серіктестеріміздің ұстанымына назар аударуға тырысамыз, олар да біздің пікірімізді ескереді» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.



## ЕЛ ЫРЫСЫ – ЕҢБЕК

11-12 қараша күндері Астана қаласының Е.Рахмадиев атындағы мемлекеттік академиялық филармониясы залында «Еңбек – ел ырысы» атты республикалық ақындар айтысы өтеді.

Мәдениет және ақпарат министрлігі мен Amanat партиясының қолдауымен өткізілетін айтыстың демеушісі – «Q4 Tulpar» халықаралық автосалондар желісінің негізін қалаушы, қоғам қайраткері Талғат Сақан.

Айтыс сағат 15.00-де басталады.



# ЫНТЫМАҚТАСТЫҚТЫҢ БОЛАШАҒЫ ЖАРҚЫН

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВТЫҢ «ИЗВЕСТИЯ» ГАЗЕТІНЕ БЕРГЕН СҰХБАТЫ

**– Жақын күндері Сіз Ресей Президенті Владимир Путинмен келіссөз жүргізесіз. Соңғы уақытта сіздер тұрақты кездесіп жүрсіздер. Атап айтар болсақ, 7 қазанда Мәскеуге сапармен келдіңіз, 13 қазанда Бішкекте өткен ТМД-ға мүше мемлекеттер басшыларының кеңесіне қатыстыңыздар. Сол жерде де Ресей Федерациясының Президентімен жүздестіңіз. Екі ел арасындағы қатынастардың дамуына қандай баға бересіз? Алдағы келіссөздер барысында нендей мәселелерге баса мән беріледі?**

– Шын мәнінде, біздің Владимир Владимирович Путинмен кездесуіміз тұрақты сипат алып келеді. Бұл Қазақстан мен Ресей арасындағы қатынастардың мән-мазмұны бай әрі жоғары деңгейде екенін айқын көрсетеді. Екіжақты кездесулерде немесе интеграциялық бірлестіктер аясындағы көпжақты келіссөздерде болсын, талқылайтын мәселе жеткілікті. Ресей Президенті – барлық саладан жан-жақты хабардар әрі білікті тұлға. Оның жаһандық және өңірлік процестерге көзқарасы көп жағдайда қазіргі әлемдік ахуалға ықпал етеді. Сындарлы саясат және өзара тиімді нәтижеге ұмтылыс – Қазақстан мен Ресей диалогының негізгі ерекшелігі. Біз әрдайым ресейлік серіктестеріміздің ұстанымына назар аударуға тырысамыз, олар да біздің пікірімізді ескереді. Өзіңізге мәлім, биыл XXI ғасырдағы тату көршілік және одақтастық туралы шартқа қол қойылғанына 10 жыл толады. Қазақстан мен Ресей халықтары арасындағы достықтың тарихы тереңде жатыр, ғасырлар қойнауынан тамыр тартады. Дегенмен 2013 жылы қол қойылған мемлекетаралық шарттың символдық мәні зор. Өйткені бұл қазақ-орыс байланыстарының келешегіне жол ашады. Елдеріміз арасындағы тату көршілік және одақтастық қатынастарға негізделген ынтымақтастықтың тарихы бай және болашағы жарқын деп бағалаймын. Ресей Президентімен Астанада өтетін алдағы кездесудің күн тәртібі өте ауқымды. Біз екіжақты саяси, сауда-экономикалық, мәдени-гуманитарлық ықпалдастық мәселелерін жан-жақты талқылаймыз деп жоспарлап отырмыз. Халықаралық ұйымдар мен интеграциялық құрылымдар аясындағы байланыстардың аспектілерін де қарастырамыз. Әлемдегі ахуалдың қазіргі жай-күйі мен даму перспективалары жөнінде пікір алмасамыз. Сонымен қатар Өңіраралық ынтымақтастық форумына қатысамыз. Бұл – аймақтар мен екі ел кәсіпкерлері арасындағы тікелей байланыстарды нығайтуға ықпал ететін бірегей әрі өте тиімді формат. Биыл Қазақстанның Қостанай қаласында аталған жиын 19-рет өткізіледі. Іс-шараның тақырыбы – ауыл шаруашылығы саласындағы ынтымақтастық. Форум Ресей Президентінің Қазақстанға алдағы сапары секілді табысты өтеді деп сенемін.

**– Қазан айында Сіз Владимир Путинмен және Шавкат Мирзиёевпен бірге Ресей газын Қазақстан аумағы арқылы Өзбекстанға тасымалдау жобасын іске қосу рәсіміне қатыстыңыз. Сіздің еліңіз үшін бұл бастама қаншалықты маңызды? Қазіргі уақытта Ресеймен бірлесе тағы да қандай ірі экономикалық және инвестициялық жобалар жүзеге асырылып жатыр? Жуық арада қандай жобалар қолға алынбақ? Сіздің ойыңызша, мұнай-газ және бейбіт мақсатта қолданылатын атом салаларындағы ықпалдастықтың даму перспективалары қандай?**

– Газ саласы мемлекеттеріміздің орнықты әлеуметтік-экономикалық прогресінде ерекше рөл атқарады. Сондықтан Ресейдің көгілдір отынын тасымалдау ісі жобаға қатысушы барлық тараптың мүддесіне сай келеді. 7 қазанда іске қосылған бұл жоба Қазақстанның газ тасымалдау инфрақұрылымын кеңейтуге және жаңғыртуға, Орталық Азияның аймақтық тұрақтылығы мен энергетикалық қауіпсіздігін нығайтуға, елдеріміздің өндірістік дамуына, бизнес-ахуалды жақсартуға, сондай-ақ азаматтардың тұрмыс деңгейін арттыруға тың серпін береді. Біз өзіміздің транзит әлеуетімізді толыққанды пайдалануға мүддеміз және Ресей газын тасымалдау көлемін одан әрі ұлғайтуға дайынбыз. Биыл 1 қарашада өткен Халықаралық газ форумында Қазақстан Үкіметі мен «Газпром» арасында Стратегиялық ынтымақтастық туралы келісімге қол қойылды. Бұл – 15 жылға дейінгі кезеңді қамтитын өзара тиімді серіктестік жоспарын әзірлеуге және жүзеге асыруға бағытталған ұзақмерзімді құжат. Қазақстан мен Ресейдің мұнай саласындағы ынтымақтастығы бұрыннан табысты дамып келеді. Елімізде «Лукойл» және «Татнефть» сияқты ресейлік концерндер жемісті жұмыс істеп жатыр. Биыл ақпан айында «ҚазМұнайГаз» бен «Лукойл» Каспий теңізінің қазақстандық бөлігіндегі «Қаламқас теңіз», «Хазар», «Әуезов» кен орындарын игеру жобасы бойынша бірқатар келісім жасады. Бұдан бөлек, 2022 жылы «Kazakhstan Petrochemical Industries (KPI)» мұнай химиясы кешенінің құрылысы аяқталды. Ол әлемде полипропилен өндіретін ең ірі он кәсіпорынның қатарына кіреді. Аталған жобаға ресейлік «Сибур» компаниясы да қатысады. 2022 жылы Саран қаласында «Татнефть» компаниясының қатысуымен автомобиль дөңгелектерін шығаратын «KamaTyresKZ» зауыты салынды. Екі елдің аумағы арқылы тасымалданатын мұнайдың үлесі айтарлықтай зор. Қазақстан мұнайының 80 пайызға жуығы Ресей аумағы арқылы (Каспий құбыр желісі консорциумы) сыртқы нарыққа экспортталады.

Сол сияқты Ресей мұнайы Қазақстан аумағы арқылы ҚХР-ға жеткізіледі. 2033 жылға дейінгі кезеңде 100 миллион тоннадан астам Ресей мұнайын тасымалдау жоспарланып отыр. Бейбіт мақсатта қолданылатын атом саласындағы ықпалдастық – энергетикалық ынтымақтастығымыздың негізгі бағытының бірі. Елімізде АЭС салуға қатысты түрлі пікір айтылып жүр. Бір жағынан, Қазақстанның атом энергетикасын дамыту әлеуеті мол. Еліміз табиғи уран өндіру көлемі жөнінен әлемде бірінші орын алады. Сондай-ақ ядролық отын компоненттерін өз елімізде өндіреміз және уранды изотопты байыту жөніндегі қызметтерге қол жеткізе аламыз. Үлбі металлургия зауытының базасында Қытайдың атом электр станциялары үшін дайын ядролық отын шығарылады. Екінші жағынан, көптеген азаматтар мен сарапшылар атом станциясының қауіпсіздігіне күмән келтіреді. Семей ядролық сынақ полигонының ауыр қасіретін ескерсек, мұны түсінуге болады. Қазақстан аумағында АЭС салу мәселесінде Ресей тарапының жәрдем беру ұсынысын жоғары бағалаймыз. Әйтсе де, АЭС құрылысы жөніндегі түпкілікті шешім референдум қорытындысы бойынша қабылданады. Мен 2019 жылғы сайлауалды бағдарламамда аса маңызды стратегиялық проблемаларға қатысты шешім референдум арқылы қабылданады деп мәлімдеген едім. Инвестициялық ынтымақтастық туралы сауалыңызға орай мына нәрсені айтқым келеді. Соңғы 18 жылда Ресейден Қазақстанға келген тікелей инвестицияның жалпы көлемі 20 миллиард доллардан асты. Өз кезегінде, Қазақстанның Ресейге құйған инвестициясы 6 миллиард долларға жуықтады.

Инвестициялық ықпалдастықтың осылайша оң қарқын алуына өндірістік кооперацияның да септігі тиді. Оның аясында екі елдің бизнес субъектілері жалпы сомасы 33,5 миллиард доллар болатын 143 бірлескен жобаны жүзеге асырып жатыр. Жалпы сомасы 3,2 миллиард доллар болатын 30 маңызды жоба сәтті іске қосылды. Қазіргі кезде машина жасау, металлургия және химия өнеркәсібі секілді экономиканың маңызды салаларында 40 жоба жүзеге асырылуда. Олардың жалпы құны 16,6 миллиард долларды құрайды әрі 15 мыңнан астам адамды жұмыспен қамтиды. Бір сөзбен айтқанда, Қазақстан – Ресей ынтымақтастығын дамыту үшін бұл бағытта мол әлеует бар.

**– Батыс елдері бұрын-соңды болмаған мөлшерде санкция салды. Бұл шектеулер көлік-логистика саласына да әсер етеді. Соған қарамастан Ресей мен Қазақстанның аталған саладағы ынтымақтастығы табысты өркендеп келеді. Мысалы, екі ел «Солтүстік – Оңтүстік» көлік дәлізін дамытып отыр. Осы бағыттағы ықпалдастықтың келешегіне қандай баға бересіз?**

– Қазақстанның теңізге шығатын жолы жоқ. Сондықтан Парсы шығанағындағы айлақтарға дейін жетіп, одан әрі Үндістанға шығатын «Солтүстік – Оңтүстік» көлік дәлізі зор мүмкіндіктерге жол ашады әрі еліміздің экономикалық дамуын өрге сүйрейтін локомотивтің біріне айнала алады. Аталған бағыт Еуразия құрлығындағы көлік қатынастарының құрылымын, тіпті кооперация мен өзара қарым-қатынас деңгейін түбегейлі өзгертуі мүмкін. «Солтүстік – Оңтүстік» дәлізін дамыту мақсатында тараптар инфрақұрылымды жаңғырту, терминалдардың қуаты мен жылжымалы құрамның санын арттыру, әкімшілік кедергілерді алып тастау және тасымалдаушыларға қолайлы жағдай жасау үшін үйлесімді жұмыс жүргізіп келеді. Қазақстан мен Ресейдің өзара көлік байланысын, соның ішінде «Солтүстік – Оңтүстік» бағытын нығайту, сайып келгенде, өзара сауда мен инвестиция көлемінің ұлғаюына оң ықпал етері сөзсіз. Бүгінде халықаралық ынтымақтастық бағытында көлік-логистика саласының маңызы артып келеді. Шын мәнінде, әлемде көлік бағдарларына, логистикаға бақылау орнату үшін қызу бәсеке жүріп жатыр. Қазіргі кезде Еуразияның жаңа көлік құрылымы қалыптасуда. Мұны ойдағыдай жүзеге асырсақ, қатысушы тараптардың бәрі де экономикалық әрі саяси пайдаға кенелмек.

**– 13 қазанда Бішкекте өткен ТМД мемлекеттері басшылары кеңесінің кезекті отырысында Орыс тіліне қатысты халықаралық ұйым құру туралы шартқа қол қойылып, Жарғысы бекітілді. Бұл құрылымды құру жөнінде Өзіңіз бастама көтергеніңіз белгілі. Жалпы, ұйым қызметінен не күтесіз? Қазақстан мен Ресейдің мәдени-гуманитарлық саладағы, соның ішінде ТМД аясындағы ықпалдастығы келешекте қалай дамиды деп ойлайсыз?**

– Ортақ мәдени-гуманитарлық кеңістік Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығын біріктіруші маңызды фактор болған әрі алдағы уақытта да солай қала береді. Бұл бағыттағы өзара тиімді ынтымақтастығымыздың табысты болуына бірден-бір себеп – ТМД елдері халықтарының тілдері мен орыс тілінің үйлесімді әрі теңгерімді дамуы. Бүгінде БҰҰ-ның ресми тілдерінің бірі саналатын әрі халықаралық тіл мәртебесіне ие орыс тілі – мемлекеттеріміз арасындағы достық қарым-қатынасқа демеу болатын ұйыстырушы фактор. Сондай-ақ өңірлік кооперацияны, ынтымақтастық пен өзара сенімді нығайтатын пәрменді құрал рөлін атқарып отырғаны жасырын емес. Мұны ешкім жоққа шығара алмайды деп ойлаймын. Орыс тілі жөніндегі халықаралық ұйым құру туралы бастама көтерген кезде мен әлемдік тәжірибені де басшылыққа алдым. Кезінде француз, неміс, испан және басқа да тілдерді дамыту үшін осындай халықаралық ұйымдар құрылған. Мына нәрсеге баса назар аударғым келеді. Орыс тіліне қатысты халықаралық ұйым құру идеясы ТМД елдерінің, соның ішінде Қазақстанның мемлекеттік тіл саясатына балама жасау ниетінен туған жоқ. Ұйымның құқықтық субъект ретінде танылуы және оған ТМД-ға мүше емес өзге мемлекеттердің қосылуына ашық болуы маңызды. Биыл ТМД аумағында Орыс тілі жылы болып жарияланды. Мұның символдық мәні зор.

**– Қазақстан Республикасында кейінгі кездері Ресейдің бірқатар жоғары оқу орнының (МИФИ, Губкин атындағы Мұнай және газ РМУ) филиалдары ашылды. Екі ел арасында орта, кәсіптік және бастауыш білім салаларындағы ынтымақтастықты кеңейту жөнінде қандай жоспарлар бар?**

– Қазіргі уақытта Ресейде 60 мыңнан астам қазақстандық студент білім алып жатыр. Бұл өзге елдермен салыстырғанда әлдеқайда көп. Бұдан Ресей жоғары оқу орындарының білім әлеуеті жоғары әрі сұранысқа ие екенін байқауға болады. Сонымен қатар мұндай таңдау жасауға территориямыздың жақындығы, тілдік кедергінің жоқтығы, оқу ақысының қолжетімділігі, оқытушылар құрамының біліктілігі, көптеген білім ордасының кеңес кезеңінен бері қалыптасқан беделі мен атағы ықпал етті. Қазақстанда техникалық бейіндегі шетелдік жетекші оқу орындарының филиалдарын ашу жұмыстары жүргізіліп жатыр. Биыл еліміз Қазақстан мен Ресей үкіметтері арасында жасалған Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру мекемелерінің филиалдарын тең негізде құру және олардың қызметі туралы келісімді ратификациялады. Соның нәтижесінде әл-Фараби атындағы ҚазҰУ базасында МИФИ филиалы, С.Өтебаев атындағы Атырау мұнай және газ университеті базасында И.М.Губкин атындағы Ресей мемлекеттік университетінің филиалы ашылды. Келесі жылы М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университетінің жанынан Д.И.Менделеев атындағы Ресей химия-техникалық университетінің филиалын ашу жоспарланып отыр. Халықтарымыздың тарихи және мәдени жақындығын ескерсек, орта білім беру саласындағы ынтымақтастықты кеңейтуге екі тараптың да қызығушылығы бар. Қазақстанның оңтүстік облыстарында Қазақстан – Ресей бірлескен білім беру мекемелерін ашу жөнінде келіссөздер жүргізіліп жатыр. Бұл ретте біз Ресейдің Қазақстанмен шекаралас, қандастарымыз көп тұратын облыстарында осындай мектептер ашуға мүдделіміз.

**– Біз қазір құбылмалы заманда өмір сүріп жатырмыз. Ерте ме, кеш пе бірполярлы әлемнен көпполярлы әлемге ауысамыз. Әлемдік экономикалық жүйенің ұстындары да өзгеріске ұшырауда. Осыған орай келешекке деген көзқарасыңыз қандай?**

– Көріп отырғанымыздай, заманауи көпполярлы әлемді қалыптастыру үдерісі тым ауыр жағдайда өтіп жатыр. Дүниежүзінің әр қиырында қақтығыстар, санкциялық тетірестер, сауда соғысы өршіген жағдайда болашаққа сеніммен қарау да қиын. Алайда парасат пен ынтымақ жікке бөліну мен өзімшілдіктен үстем боларына сенімдімін. Әлем тарихында мұндай мысалдар жеткілікті. Түптеп келгенде, жаһан жұрты ұзақмерзімді бейбітшілік орнайтын күнге жетеді. Ол үшін мынадай екі шарт міндетті түрде орындалуға тиіс. Атап айтқанда, өзара ымыраға дайын болу және халықаралық құқық нормаларын сақтау. Мұның екінші бөлігі – Қазақстанның сыртқы саясаттағы негізгі ұстанымы. Кез келген қайшылықты БҰҰ Жарғысының нормалары мен қағидаттарына сай шешуге болатынына кәміл сенемін. Бұл құжатты әлемдік қоғамдастық адамзат тарихындағы ең қанқұйлы соғыстан кейін қабылдады. Мұндай қасірет енді қайталанбауы үшін халықаралық аренада бәріне түсінікті, ортақ ойын ережесі қабылданды. Бұл ізгілік пен адамгершілік қағидаттарының зор жеңісі еді. Әзірге әлем қақтығыстарды еңсерудің бұдан артық тәсілін ойлап тапқан жоқ. Жер көлемі, қуаты мен экономикалық әлеуетіне қарамастан, барлық мемлекет тең. Халықаралық құқық ешқандай бұра тартусыз, теңдей және бәріне бірдей қолданылады. Сондықтан ашуды ақылға жеңдіріп, халықаралық құқық нормаларын мүлтіксіз сақтаған сәттен бастап, әлемде тепе-теңдік қайта орнайды деп санаймын. Бұл формула саяси жүйелер үшін де, қазіргі замандағы экономикалық, экологиялық және гуманитарлық мәселелерді шешуде де өзектілігін жоймайды. Бүгінде біз халықаралық жағдай шиеленісе түскен шақта өмір сүріп жатырмыз. Саяси қысым жасау әдістері, сауда және санкциялық соғыстар алдыңғы орынға шықты. Бұл халықаралық сауда жүйесін түбі тығырыққа тірейді. Біз бұрын-соңды болмаған геосаяси бөлшектену және әлеуметтік-экономикалық тұрғыдан жікке бөліну жағдайына куә болып отырмыз. Саясат пен экономикада жаһандық және аймақтық деңгейде өзгерістер жүріп жатыр. Бұл мемлекеттер мен құрлықтардың қауіпсіздігіне алаңдаушылық туғызады. Үйлесімді әлемдік экономика құру үшін Жаһандық Оңтүстік және Жаһандық Солтүстік елдері өзара сенімге, бір-бірінің мүддесін құрметтеуге, сондай-ақ көпжақты ынтымақтастық қағидаттарына негізделген ортақ мәмілеге келуі керек. Осындай күрделі үдерісте БҰҰ маңызды рөл атқаруға тиіс. Қазіргі таңда ол барлық адамзатты біріктіретін баламасы жоқ жалғыз жаһандық ұйым саналады.

# АСТАНАЛЫҚ АРДАГЕРЛЕР МАРАПАТТАЛДЫ

Елордалық белсенді еңбек ардагерлері құрметке бөленді. Қала әкімінің орынбасары Есет Байкен бір топ астаналық ардагерлерге Астана әкімінің Алғыс хатын табыс етті.



**Ғалым ҚОЖАБЕКОВ**

Республика күні аясында өткен іс-шарада елорданың әлеуметтік-қоғамдық іс-шараларына белсенділікпен қатысып, қаланың дамуына өзіндік үлес қосып жүрген бір топ ардагерге Астана қаласы әкімінің Алғыс хаты табыс етілді.

– Астаналық ардагерлер ұйымының белсенді жұмыс жүргізетіні қуантады. Құрметті ардагерлер, Сіздердің бұрын да әр салада қаланың дамуына үлкен үлес қосқандарыңыз белгілі. Сондықтан қала әкімдігі сіздермен кездесуге, ақылдасуға әрдайым ниетті әрі құрмет білдіре береді, – деді Астана қаласы әкімінің орынбасары Есет Байкен.

Марапат алғандардың қатарында Рафик Аблаков, Амангелді Аширов, Анисья Цой, Нина Богатырева, Шолпан Ақтанова, Лариса Шефаренко және басқалары болды. Сонымен қатар «Ардагерлер ұйымы» республикалық қоғамдық бірлестігі Орталық кеңесінің «Құрмет белгісі» төсбелгісін Марат Мұстафин, Сәуле Махметова, Ақдариға Тұрсынбаева және Майдагүл Ескендірова иеленді. Ал Татьяна Левченко, Сабыр Құсайынов, Рысты Атығаева, Әнуарбек Ералы секілді белсенді ардагерлер республикалық ұйымның Алғыс хатымен марапатталы.

Марапаттау рәсімінен кейін Астана қаласы Ардагерлер кеңесінің төрағасы Сансызбай Есілов пен «Ардагерлер ұйымы» республикалық қоғамдық бірлестігі Орталық кеңесі төрағасының бірінші орынбасары Өмірзақ Озғанбаев елордадағы ардагерлердің әлеуметтік жағдайына талқылауға арналған «дөңгелек үстел» мәжілісін өткізді.

# АРНАЙЫ МЕКТЕПТЕРДІ АРАЛАДЫ

Астана қаласы мәслихатының депутаттары қаладағы үш арнайы мектепті аралап, жұмысымен танысты, проблемаларын анықтады.

Қалалық мәслихат төрағасы Ерлан Каналимовтың мәліметінше, бұл мектептер 1219 баланы қамтыды. №2 және 3 арнайы мектептер 1971 және 1963 жылдары салынған бейімделген ғимараттарда орналасқан.

«Ғимараттар тозған, санитарлық нормаларға да сәйкес келмейді. Жүріп-тұруы қиын білім алушыларға тиісті жағдай жасалмаған. Атап айтқанда, Лифт қондырғылары жоқ, көтергішті орнату мүмкін емес, арбаларға арналған есіктерді кеңейту керек, санитарлық тораптарды, гардеробтарды жабдықтау қажет. Осы және басқа да проблемаларды тұрақты комиссияның отырыстарында қарастырамыз» деді Ерлан Каналимов.



# ЕЛОРДА ЭКОЛОГИЯСЫ ҚАЙТСЕ ЖАҚСАРАДЫ?

Бас қала экологиясын негізінен жылдың суық мезгілдерінде жылу-энергия орталықтарынан және жеке сектордан шығатын түтінмен қатар автокөліктердің түтіні ластап отыр. Жуырда Астана қаласы мәслихатының құрылыс, экология, көлік және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясының отырысында бұл туралы баяндаған қалалық Қоршаған ортаны қорғау және табиғатты пайдалану басқармасы басшысының міндетін атқарушы Ерлан Бердалин осы бағыттағы жұмыстарға тоқталды.

**Аманғали ҚАЛЖАНОВ**

Оның айтуынша, Ұлттық статистика бюросының мәліметтері бойынша, қазір елордада 1,4 млн адам тұрады. Ал автокөліктің саны – 420 мың. Осы жылдың жартыжылдық қорытындысын былтырғы осы кезең қорытындысымен салыстырғанда қаланың ластану деңгейі 6,2 пайызға төмендеді. Бұған кейбір автокөліктердің және ЖЭО-лар мен аудандық қазандықтардың жартылай газға ауыстырылуы, қаланың газдандырылуы оң әсерін тигізді.

– Дегенмен, соңғы бес жылда елордада көліктің саны 20,2 пайызға артты. Соның ішінде жеңіл автокөлік 19,5 пайызға, жүк көліктері 24,1 пайызға, автобустар 2,9 пайызға, тіркемесі бар көліктер 35 пайызға және мотоциклдер 63 пайызға көбейді. Жеке тұлғалар тіркеген автокөліктер 26 пайызға көбейіп, заңды тұлғалар тіркеген көлік керісінше 8,1 пайызға азайды. Соңғы үш жылда автокөліктердің қаланы ластау деңгейі жоғары болып тұр. Мәселен, 2021 жылы жылына 55 мың тонна болса, 2022 жылы 54 мың тонна болды, ал биылғы алты айда 27 мың тоннаға жетті. Бұған автокөліктердің көбеюі ғана емес, қала көшелеріндегі кептеліс кері әсер етуде. Қазір Лондон тәжірибесіне сүйеніп, бензин мен дизельмен жүретін, ластау көрсеткіші жоғары көліктерді қалаға кіргізуді шектеу мәселесі қаралып жатыр, – деді Е.Бердалин.

Баяндамашының сөзінше, қалада электрмен жүретін көліктерді көбейту жұмысы жүргізіліп жатыр. Қазір елордада мұндай көліктің саны – 560. Ал электрді толтырудың 51 стансасы бар. 2019-2020 жылдары әлеуметтік маңызы бағдарлар үшін 100 электроавтобус, биыл 20 осындай көлік сатып алынды.

– Жалпы қала экологиясын жақсарту үшін коммуналдық мекемелер де мүмкіндігінше электркарларға ауысу керек деп есептеймін, – деді Е.Бердалин.

Мемлекет басшысы тапсырмасын жүзеге асыру мақсатында «Оқуға құштар мектеп» республикалық жобасы аясында жуырда «8 минуттық көркем әдебиет оқу» жобасы басталды.

# «8 МИНУТТЫҚ КӨРКЕМ ӘДЕБИЕТ ОҚУ» – ПАЙДАЛЫ ЖОБА



Бұл – оқушылар арасында кітап оқуды насихаттайтын, оқушылардың оқу мәдениетінің деңгейін және олардың оқу белсенділігін арттыруға арналған маңызды жоба болып отыр.

«8 минуттық көркем әдебиет оқу» жобасы Астана қаласының жалпы білім беретін мектептерінде жүзеге асырылып жатыр. Аталған жоба аясында балалар күнде 8 минут кітап оқиды. Яғни, әр ауысымның алдында сабақ басталмас бұрын 8 минут уақытын кітап оқуға бөледі. Содан соң 2 минут тынығып алып, сабақтарына кіріседі.

– Бұл жобаны бастаудағы мақсатымыз – әрбір оқушы көркем әдебиет оқыса екен дейміз. Себебі кітап оқыған оқушының білімі, ой-өрісі кеңейеді. Кітап оқудың пайдасы орасан зор. Сөздік қордың көбеюіне, мидың күнделікті жаттығуына және есте сақтау қабілетінің жетіліп, баланың шығармашылық ойлау жүйесін жақсартады. Одан өзге білім сапасын көтеруге тигізер әсері мол. Сол себепті осы жобаны ойлап тауып, мектептерге енгізіп отырмыз, – дейді Астана қаласы Білім басқармасының басшысы Қасымхан Сеңгазиев.

Сондай-ақ мектептерде «Буккросинг» бұрыштары ашылады. Онда оқушылар бір-бірімен кітап алмаса алады. Аталмыш жоба аясында балабақшада балабақшаларда «8 минуттық ертегі тыңдау» жобасын бастау да ұсынылмақ.

Оқушылар оқуға ұсынылған көркем әдебиет тізіміне сәйкес, таңдаулары бойынша кез келген әдебиетті оқи алады. Кітапты тікелей кітапханадан алып немесе ұнаған кітаптарының көшірмелерін де пайдаланса болады.

Балалардың ауызекі сөйлеуін дамытып, сөздік қорды қалыптастыру мақсатында тәрбиелеу-білім беру процесінде күн тәртібіне сәйкес балаларды қабылдап, таңертеңгі жаттығудан, таңғы астан кейін балалардың күнделікті ұйымдастырылған, ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, заттық, қимылдық, бейнелеу іс-әрекетінің алдында тәрбиешілер 8 (сегіз) минуттық ертегі оқуды жүзеге асырады, яғни балалардың әрекетін ертегі тыңдаудан бастау ұсынылады.

Нәтижесі айтарлықтай, оқушылардың сөйлеу мәдениеті дамып, ойын еркін жеткізеді. Оқыған кітабының мәтінін талдап үйренеді, зерделейді. Кітап оқу дағдысы қалыптасады. Осылайша, 8 минуттық кітап оқу дағдысы күнделікті оқу процесіне енді.

**Жұмағали ЕРГЕШБАЕВ,**
**Астана қаласы әкімдігі Әдістемелік орталығының әдіскері**

### АСТАНА ҚАЛАСЫ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ДЕПУТАТЫН ТІРКЕУ ТУРАЛЫ АСТАНА ҚАЛАСЫ АУМАҚТЫҚ САЙЛАУ КОМИССИЯСЫНЫҢ ХАБАРЛАМАСЫ

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 14, 45-баптарына, 46-бабының 3-тармағына, 111-1 бабының 6-тармағына сәйкес Астана қаласы аумақтық сайлау комиссиясының 2023 жылғы 8 қарашадағы № 31-ҚСК шешімімен Рамазанов Дархан Болатұлы Астана қаласы мәслихатының VIII сайланған депутаты болып «Қазақстан халық партиясы» қоғамдық бірлестігі Астана қалалық филиалының партиялық тізімі бойынша тіркелді.

**Астана қаласының аумақтық сайлау комиссиясы**

# ГАЗ ТАПШЫЛЫҒЫНА ТҮСІНІКТЕМЕ БЕРІЛДІ

Астана қаласы әкімдігінде мемлекеттік органдар мен ұйымдардың, сұйытылған мұнай газын өткізушілердің қатысуымен өткен кеңесте қаладағы газ тапшылығына қатысты түсініктеме берілді.

Қазан айында Атырау зауытында жүргізіліп жатқан жөндеу жұмысына және «ПМХЗ» ЖШС мен «СНПС-Ақтөбемұнайгаз» АҚ зауытының үлкен жүктемесіне байланысты Астанада автогаз тапшылығы туындады.

6 қарашадағы жағдай бойынша қалада газ қалдығы 900 тоннаны құрады. Елордаға қарай 1 476,3 тонна шықты. Соның ішінде 9 вагон (324 тонна) жеткізілді, 16 вагон (576 тонна) жеткізіледі деп күтіліп отыр. «СНПС-Ақтөбемұнайгаз» АҚ зауыты 25 вагон (900 тонна) газ, 8 қарашада 15 вагон (540 тонна) сұйытылған газ көлемін жөнелтуді бастады, – делінген әкімдік ақпаратында.

Зауыттардың қызметі, сондай-ақ газды уақытылы жөнелту мен жеткізуді қамтамасыз етуді реттеу мәселесі Энергетика министрлігі мен «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ құзыретінде. Сұйытылған газдың жетіспеушілігін ескере отырып, сатушылар автогаз құю станцияларында талондық жүйені енгізу арқылы сату бойынша шектеулер енгізді. Бұл шаралар жағдайды қалыпқа келтіргенге дейін газ тапшылығын болдырмауға байланысты қолданылады. Қазіргі уақытта мемлекеттік органдардың бақылауында, шектеулерді кезең-кезеңімен бір апта ішінде алып тастау жоспарланып отыр.

№133 (4566) 09/11/2023 Бейсенбі



Оңалхан ӨНЕРХАН

# НҰРА АУДАНЫ: ЖҮЙЕЛІ ЖҰМЫСТАР ЖАЛҒАСАДЫ

2022 жылдың сәуір айында Астанада бесінші әкімшілік аудан құрылды. Қала әкімдігінің ұсынысына сәйкес, ономастика комиссиясының шешімімен ол «Нұра» деп аталды. Бүгінде бұл аудан Есіл өзені бойымен қаланың батыс бөлігінде шығысқа қарай Қабанбай батыр даңғылына дейін, одан әрі Қабанбай батыр даңғылының тақ жағы және Қарқаралы тасжолының батыс жағымен қаланың оңтүстік шекарасына дейінгі жерді алып жатыр.

Жаңа ауданның жалпы аумағы 19 336 гектарды құрайды. Мұнда тұратын халықтың саны 200 мыңнан асып барады. Газетіміздің осы санында елорданы көркейтуге елеулі үлес қосып келе жатқан Нұра ауданының әлеуметтік-экономикалық дамуы мен тыныс-тіршілігіне тоқталғанды жөн көрдік.

Гүлбаршын ӨКЕШҚЫЗЫ

### КӨГАЛДАНДЫРУ – КӨШЕЛІ ІС

Аудан аумағында 20 сквер және 2 саябақ орналасқан. Олар – «Астаналық» және «Ғашықтар» саябағы. Екеуі де – елордалықтар үшін ерекше танымал, әсіресе қала қонақтарының көп келетін сүйікті орындары.

Аудан әкімі Жүсіп Жұмағұловтың айтуынша, 2023 жылдың күзгі кезеңінде Нұра ауданының аумағында 30 006 дана жасыл желек, атап айтсақ, 4 858 ағаш, 21 775 бұта және 5 010 көпжылдық өсімдік отырғызылды. «Ғашықтар» саябағындағы 1 416 шаршы метр жерге биыл 9 763 дана бұта мен цинкофил, тау қарағайы, раушан, арша, гортензия гүлдері және 449 шаршы метр алаңға 3 743 дана көпжылдық өсімдіктер егілді. Ш.Айтматов көшесі 701 дана қарағаш, терек, үйеңкі секілді ағаштармен және Қабанбай батыр даңғылындағы №9 және №7 үйлердің маңы 118 үйеңкімен әрі басқа да талдармен толықты.

Сондай ақ Сығанақ көшесі мен Ш.Айтматов көшесінің қиылысындағы «Жағалау» скверіне, Тұран даңғылының қиылысындағы екі учаскеде және Орынбор, ЕК-32 көшесінде, «Үркер» тұрғын алабындағы Исатай батыр көшесіне, «Жағалау» тұрғын үй кешені маңына, А.Забикулин атындағы өрт сөндіру бөлімінің айналасына, Қорғалжын шоссесі мен «Sport city» скверіне ағаштар мен ұсақ жапырақты қарағаштар және көпжылдық өсімдіктер отырғызылды. Аудан бойынша ең көп көгалдандырылған жер «Астана жұлдызы» стеласы болды. Биыл бұл аумаққа 7 244 дана бұта (тау қарағайы, гортензия, спирея, көпіршік, арша егілді.

Игілікті іске «Shabyt», «GREEN line» ТК.Aqua», «Дастур», «Атлетикалық қала», «Q-Life», «Q-smart», «Sezim Qala», «Grand Turan», «Grand Turan Bussines» үйлерін салған құрылыс компаниялары да үлес қосып, олардың күшімен биыл аудандағы жаңа құрылыс аумақтарына 34 168 дана жасыл желек отырғызылды.

Елордада көгалдандыру мәселесіне айтарлықтай назар аударылып отыр. Биыл қалада 1 млн-ға жуық жасыл желек отырғызу жоспарлануда. Оның ішінде 452 мың жасыл желек қалада, қалғаны елорда жанындағы «Жасыл белбеу» аумағында отырғызылады.





### АБАТТАНДЫРЫЛҒАН АУЛАЛАР

Астана қаласындағы Нұра ауданының аумағындағы аулалар күн сайын көркейіп келеді. Ағымдағы жылы ауданда 5 қоғамдық кеңістік абаттандырылды. Олардың 3-і ауданның халық тығыз қоныстанған көшелері – Сығанақ көшесінің бойында орналасқан.

Тұрғындардың бос уақытында тынығатын, сейіл-серуен құратын осы аулалар соңғы жылдары «Халық қатысатын бюджет» жобасы арқылы абаттандырылуда. 2019 жылдан бері жүзеге асып келе жатқан жоба аясында Астанада заман талабына сай барлық қажетті құралдармен жабдықталған аулалар көбейіп келеді. Ондағы әртүрлі жастағы балаларға арналған ойын алаңдары мен түрлі түсті қондырғылар, әткеншектер мен асфальтталған жаяу жүргіншілер жолдары – бәрі-бәрі тұрғындарға лайықталған. Мұнда немерелерін ойнатуға шыққан ата-әжелер үшін де әңгімелесіп, дидарласуға арналған жайлы орындықтар мен қоқыс жәшіктері, тіпті спортпен айналысамын дегендердің шынығуы үшін де барлық жағдай жасалған.

Нұра ауданы әкімінің айтуынша, бүгінгі таңда аудан аумағындағы «Жағалау» тұрғын үй кешенінің маңындағы бос учаскеге 50 дана ағаш отырғызылып, олар жергілікті суару жүйесімен жабдықталды. Осы маңға 1898,809 шаршы метрді құрайтын тротуар желілері салынды. Сондай-ақ биыл Тұран даңғылы мен Сығанақ көшесінің қиылысында екі үшбұрыш орнатылып, осы аумаққа 92 дана ағаш, оның ішінде қайың, терек, тал, алма ағашы, 695 көпжылдық өсімдік пен 1 939 бұта отырғызылды.

Республикалық диагностикалық орталық жағынан 800 шаршы метр жерге тротуар желілері салынды. «Гранд Тұран» ТК жанынан жалпы ауданы 3870 шаршы метрді құрайтын тротуарлар абаттандырылды. Керей-Жәнібек хандар көшесінде А.Забикулин атындағы сквер ашылған болатын. Жаңа қоғамдық кеңістік те абаттандырылып, айналасына 973 дана бұта, 572 дана көпжылдық өсімдіктер отырғызылды. Осы маңдағы 250 шаршы метр аумаққа төсеніштер төселді.

Инвестордың күшімен Тұран даңғылында сквер салынды. Қоғамдық кеңістікте 269 ағаш, 480 бұта отырғызылды. Бұл жердегі қайың, қарағаш, алмұрт, емен, шырша, үйеңкі, тау күлі, терек, күл, құс шие, қарағай, акация, арония, эвонимус, дерен, цинкофил және сирень жыл сайын көбейіп келеді.

**2023 ЖЫЛДЫҢ КҮЗГІ КЕЗЕҢІНДЕ НҰРА АУДАНЫНЫҢ АУМАҒЫНДА 30 006 ДАНА ЖАСЫЛ ЖЕЛЕК, АТАП АЙТСАҚ, 4 858 АҒАШ, 21 775 БҰТА ЖӘНЕ 5 010 КӨПЖЫЛДЫҚ ӨСІМДІК ОТЫРҒЫЗЫЛДЫ. «ҒАШЫҚТАР» САЯБАҒЫНДАҒЫ 1 416 ШАРШЫ МЕТР ЖЕРГЕ БИЫЛ 9 763 ДАНА БҰТА МЕН ЦИНКОФИЛ, ТАУ ҚАРАҒАЙЫ, РАУШАН, АРША, ГОРТЕНЗИЯ ГҮЛДЕРІ ЖӘНЕ 449 ШАРШЫ МЕТР АЛАҢҒА 3 743 ДАНА КӨПЖЫЛДЫҚ ӨСІМДІКТЕР ЕГІЛДІ**



### КӨШЕ ШАМДАРЫ КӨРІКТІ

Бүгінгі таңда аудан шекарасында жарықтандырылған 203 көше бар. Олардың 183-і аппарат балансында болса, 28 көше – басқармалардың балансында.

Ағымдағы жылы аппарат 7 көшені, атап айтсақ, Мақсұт Нәрікбаев, Күлтегін, Әнет баба, Бұқар Жырау, ақын Сара, Ілияс Омаров және Жұбан Молдағалиев көшелерін жарықтандырды. Көше шамдары жолаушыларға жол көрсетіп қана қоймай, ауданның келбетін айшықтап, түнгі уақытта тұрғындардың қауіпсіздігіне қорған болып отыр.

Ағымдағы жылдың соңына дейін Қайым Мұхамедханов көшесінің кейбір учаскелерінде жарықтандыру тіректерін орнату, Ұлы Дала даңғылының бір бөлігінде, Қыз Жібек көшесі (3 балабақша көшесінің бойында: №88 балабақша, №89 балабақша, Алтын адам) және Машат көшесінде (6 тірек, Вьетнам елшілігі көшесінің бойында) жөндеу жұмыстарын жүргізу жоспарлануда.

Бүгінгі күнге дейін Қорғалжын тас жолы, Сығанақ, Айтматов, Орынбор көшелері мен Қабанбай батыр және Тұран даңғылдарында 36 жаңа жарықтандыру тіректері орнатылды. Жыл соңына дейін 109 тірек орнату жоспарланып отыр.

### ЖАҢА ҮЛГІДЕГІ АЯЛДАМАЛАР

Нұра ауданында барлығы 202 аялдама павильоны бар. Олардың ішінде 128-і ашық үлгіде және 30 аялдама жабық үлгіде жабдықталған. Жабық аялдамалардың 8-ін инвесторлар өз есебінен күтіп ұстауда.

Аудан әкімінің аппараты 95 аялдама павильонына қызмет көрсетеді. «RTS decaux» ЖШС, «Аксиома» сынды жарнамалық компаниялар 55 аялдама кешеніне қызмет көрсетеді. Ағымдағы жылы аудан аумағындағы 60 аялдамада жылытқыштарды жөндеу, әйнектер мен есіктерді ауыстыру, инженерлік кабельдерді қалпына келтіру жұмыстары жүргізілді.

Былтыр 6 жаңа жылы аялдама орнатылды. Ағымдағы жылы жабық үлгідегі 3 аялдама орнатылады.

Аудан әкімі мердігер ұйымдарға аялдамаларды жөндеп, барлық жолаушылар үшін жайлы етуге ерекше назар аударып келеді. Бұл ретте мүмкіндігі шектеулі азаматтар үшін қолайлы жағдай жасау қолға алынып, 20-дан астам жылы аялдама кешенінде павильондарға пандустар орнатылып, кіреберістері кедергісіз болып, ал тұтқалары қажетті деңгейге түсіріледі. Сондай-ақ павильондардың жай-күйі және қысқа дайындығы – аудан басшысының үнемі бақылауында.

Коммуналдық қызметтер аудан аумағындағы барлық аялдамаларды екі күнде бір рет жуып-тазалап тұрады. Тұрғындардың өтінішімен жылы аялдама элементтерін жөндеу-қалпына келтіру жұмыстары жыл бойы жалғасады.

### ЖАЛҒЫЗ ТҰРҒЫН АЛАП

Үркер – елорданың Нұра ауданындағы жалғыз тұрғын алап. Мұнда 30 мың адам тұрады. Оның 9 000-ға жуығы – мектеп жасындағы балалар.

Жалпы ауданы 800 гектарды құрайтын елді мекенде 14 көпқабатты үй, 4000-ға жуық жеке үй, 1 мектеп және 3 балабақша бар. Үркер тұрғын алабында барлығы 144 көше бар, оның 136-сы жарықтандырылған, қалғандары бойынша жарықтандыруды қосу жұмыстары жүргізілуде. Бұл маңның тұрғындарына №12 қалалық емхана медициналық қызмет көрсетеді. Оған 23700 адам тіркелген. Бірнеше жылдан бері желілер, жол салу, абаттандыру бойынша ауқымды жұмыстар жүргізілуде.

Тұрғын алаптағы жолдарды асфальттау және желілерді салу елді мекен тұрғындары мен инспектордың бірлескен жұмысының нәтижесінде жүзеге асырылуда. Үркер елді мекеніндегі бос жерлердің орнында екі заманауи қоғамдық кеңістік абаттандырылып, пайдалануға берілді.

Аталмыш елді мекенде алғашқы үйлер пайда болған кезде, бұл тұрғын алап «Шығыс Ильинка» деп аталды. Тек 2021 жылдың басында мәслихаттың шешімімен бұл жер «Үркер» тұрғын алабы деген әдемі атауға ие болды.

### ЖӨНДЕУ ЖҰМЫСТАРЫ ЖҮРГІЗІЛУДЕ

Ағымдағы жылы аудан аумағында жөндеу-қалпына келтіру жұмыстары жалғасуда. Мәселен, тротуарларды жөндеу 15 мекенжайда, атап айтсақ, Қорғалжын тас жолында, Қ.Мұхамедханов, И.Омаров, Ш.Айтматов, М.Нәрікбаев, Тұмар Ханым, Ә.Нұршайықов көшелерінде, Қабанбай батыр даңғылындағы «Алматы» ТК жанында, «Будапешт» ТК аумағында, «Назарбаев Университеті» бойында жөндеу жұмыстары жүргізілді.

Жаңа тротуар желілерінің жалпы ұзындығы 2 075 метр болса, абаттандырылған және жөнделген тротуарлардың жалпы ауданы 11 740 шаршы метрді құрайды.

Аудан аумағында қатты тұрмыстық қалдықтарды шығаруға бекітілген 16 арнайы техника, қоқыс таситын 3 кран және 13 IVECO машинасы бар. Бұл мақсатта ауданда 355 контейнерлік алаң жабдықталған.

Нұра ауданында 118 бағдаршам бар, оның 34-і жаяу жүргіншілерге арналған. Биыл Тұран даңғылы 75 және Қабанбай батыр даңғылы 43 а мекенжайы бойынша тұрғындардың өтінішімен 2 бағдаршам нысаны орнатылды. Алдағы уақытта Үркер маңынан өтетін теміржолда 8 бағдаршам объектісін орнату, сондай-ақ Астана қаласы Көлік және жолкөлік инфрақұрылымын дамыту басқармасының құрылыс жобасы аясында Әнет баба-Сығанақ, Е355-Сығанақ көшелерінің қиылысында бағдаршам орнату жоспарланып отыр.

Төлен
ТІЛЕУБАЙ



# АСТАНАЛЫҚТАР
## МҰҢ-МҰҚТАЖЫНА ҚҰЛАҚ АСАДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасы қазіргі таңда сәтті жүзеге асып жатқан өңірдің бірі – Астана қаласы. Бұған дәлел, басқа әкімдіктермен салыстырсақ, елорда әкімдігі ашықтығы мен бұқарашылдығы, тұрғындардың өтінішіне жедел және тиімді жауап беруі, цифрлық технологияларды қолданысқа енгізуі жөнінен көш бастап тұр.

### АШЫҚТЫҚ ҚАҒИДАТЫ

Қала басшысы Жеңіс Қасымбек 2022 жылы 8 желтоқсанда Астана әкімі қызметіне кіріскен күннен бастап халыққа ашықтық қағидатын ұстанатынын, қаланың әрбір тұрғынының мәселесі елеусіз қалмайтынын мәлімдеді. Дәл қазір әкім мен әкімдік аппараты осы ұстанымына берік болып, күнделікті әлеуметтік желілердегі парақшалары арқылы халықпен кері байланыс орнатып, сеніміне кірді. Жеңіс Қасымбек өзінің әлеужелідегі жазбаларында, негізінен, Астана тұрғындарымен кездесулеріне екпін түсіріп, әр аудандағы, елді мекендегі, әр саладағы түйткілдерді егжей-тегжейлі жазып отырады.

Қала басшысы қызметіне кіріскен күні: «Әлеуметтік желілер – қазіргі кездегі қарым-қатынастың ең тиімді құралы. Біз үшін тұрғындардың ой-пікірі, ұсынысы бәрінен маңызды. Біз елорданы алдағы уақытта дамытуға қатысты барлық ойыңыз бен ұсынысыңызды тыңдауға дайынбыз!» деп астаналықтарға үндеу жариялады. Жеңіс Қасымбек әр аптаның бейсенбі күні аудандарға барып, тұрғын алаптардағы халықпен кездеседі. Жұма күні таңертеңнен түске дейін тұрғындармен онлайн режимде тілдеседі. Осы кездесулерінде тұрғындар тарапынан қандай сын-ескертулер айтылды, ұсыныстар жасалды – барлығын қала басшысы қоғамға жедел, ашық жазып, жеткізіп отырады.

2023 жылдың басынан қазан айына дейін Жеңіс Қасымбек тұрғындармен 44 кездесу (жеке қабылдау – 25, тұрғындармен кездесу – 19) өткізді, 3326 адамды қабылдады. Соның ішінде:

– жеке қабылдау – 391;
– халықпен кездесу – 2423;
– нысаналы топтар (үлескерлер, нүктелік құрылыстар) – 512.

Жылдың соңына дейін тағы 5 кездесу өткізу жоспарланған.

Мәселен, Жеңіс Қасымбектің астаналықтармен алғашқы кездесуі ақпан айында Байқоңыр ауданында болды. 5 сағатқа созылған жүздесуде тұрғындар, негізінен, баспана, ауыз су, Есіл өзенінің жағалауын тазалау, бейберекет салынған көпқабатты тұрғын үйлер және т. б. өзекті мәселелерді көтерді. Дәл қазір астаналықтарды алаңдатқан ең басты мәселе – баспана. Әкімдік бұл мәселені шешу үшін әлеуметтік тұрғын үйлер салып, апатты жағдайдағы ескі тұрғын үйлерден адамдарды көшіруде. Сондай-ақ құрылысы ұзаққа созылған тұрғын үй кешендерінің құрылысын аяқтауды жалғастыруда.

Биыл апатты жағдайдағы тозығы жеткен 18 үйден 330-ға жуық отбасы жаңа тұрғын үй кешеніне қоныс аударды. Әкімдік жыл соңына дейін тағы 2 апатты үйдің тұрғындарын көшіруді жоспарлаған. Соның ішінде Байқоңыр ауданының аумағындағы үйлер де бар. Жалпы алғанда, алдағы 3 жылда елордада 2,5 мыңнан 3 мыңға дейін жаңа пәтер салынып, апатты үйлердің барлық тұрғыны көшіріледі.

### ТҰРҒЫН ҮЙ ОРТАЛЫҒЫ

Астана әкімдігінің тұрғындардың өтінішіне жедел және тиімді жауап беруін жүзеге асыратын цифрлық кеңсенің бірі – Тұрғын үй орталығы. Осыдан 3 жыл бұрын Республика даңғылы, 32-үйде тұрғын үй саласында қызмет көрсететін бірыңғай орталық ашылды. Бұл орталықта тұрғын үйге кезекке тұру, кезек нөмірін тексеру, тұрғын үй бағдарламаларына қатысу, тұрғын үй сертификатын алу, несиеге/жалға берілетін пәтерлер бойынша және тағы басқа мәселелерге қатысты кеңес алуға болады. Бұл орталық қала тұрғындары үшін өте ыңғайлы. Себебі олар тұрғын үй мәселелері бойынша қаланың әр ауданында орналасқан мекемелерге бармай-ақ, бір жерден кеңес ала алады.

Жуырда ғана Тұрғын үй орталығы «Жұмыс істейтін жастарға сатып алу құқығынсыз жалға берілетін баспана» бағдарламасы бойынша құжаттар қабылданатынын хабарлады. 6-12 қараша аралығында құжаттар тек қана qatysu.zhylfond.kz порталы арқылы электрондық нұсқамен қабылданады. Бұл тәсілдің бір тиімділігі, электрондық цифрлық қолтаңбасы бар бағдарлама қатысушысы баспана алуға өтініш беруден 10 күн бұрын өзінің төлем қабілетін растау, баспанасының жоғы, Астана қаласында тіркелгені, отбасы мүшелерінің тіркелгені туралы анықтамаларды тапсырады. Өтініш берген соң, оның әрі қарай қаралған-қаралмағанын qatysu.zhylfond.kz порталындағы жеке кабинеттен білуге болады. Үміткердің ұялы телефонына арнайы SMS-хабарлама келеді. Сондай-ақ әрбір қатысушы ұялы телефоны арқылы 109 call-орталығына, Тұрғын үй орталығының 8-776-198-29-70 WhatsApp нөміріне хабарласа алады, я болмаса Республика даңғылы, 32-үйге барып, істің мән-жайына көзбе-көз қанығады. Астана әкімдігі биыл аталған бағдарлама аясында 770 пәтер бөледі, бұл пәтерлер 3 жыл мерзімге беріледі. Ай сайынғы жалдау ақысының көлемі – 5000-нан 15000 теңгеге дейін.

### «ЖАНҰЯ» ОРТАЛЫҒЫ

Әкімдік пен тұрғындардың арасында ашық, айқын, тығыз, жедел қарым-қатынас орнату мақсатында 4 жыл бұрын «Жанұя» отбасын қолдау орталығы ашылды. Оның мақсаты – қиын жағдайға тап болған әрбір отбасыға психологиялық, әлеуметтік және құқықтық көмек көрсету, отбасы институтының дамуын жан-жақты қолдау. 2020 жылы орталық коммуналдық мемлекеттік мекеме мәртебесін алды.

Орталық «бір терезе» қағидатымен қала тұрғындарына (көпбалалы, толық емес, әлеуметтік әл-ауқаты төмен, мүгедек балаларды тәрбиелеп отырған отбасылар) кешенді консультация қызметін көрсетеді. Бұл жерде мемлекеттік және квазимемлекеттік сектор мекемелерінің жұмысы ыңғайлы форматта құрылған. Ең басты мақсат – «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасы аясында халықтың сенім деңгейін көтеру, билік пен бұқара арасындағы кері байланысты тереңдету. Орталық мамандары өмірде қиын жағдайға тап болған әрбір отбасының мәселесін жеке, толық қарайды. Мәселен, 2023 жылдың басынан бері 266 отбасына зерттеу жүргізілген. Соның ішінде 231-іне әлеуметтік жағынан қолдау көрсетілді.

**2023 ЖЫЛДЫҢ БАСЫНАН ҚАЗАН АЙЫНА ДЕЙІН ЖЕҢІС ҚАСЫМБЕК ТҰРҒЫНДАРМЕН 44 КЕЗДЕСУ (ЖЕКЕ ҚАБЫЛДАУ – 25, ТҰРҒЫНДАРМЕН КЕЗДЕСУ – 19) ӨТКІЗДІ, 3326 АДАМДЫ ҚАБЫЛДАДЫ. СОНЫҢ ІШІНДЕ:**
**– ЖЕКЕ ҚАБЫЛДАУ – 391;**
**– ХАЛЫҚПЕН КЕЗДЕСУ – 2423;**
**– НЫСАНАЛЫ ТОПТАР (ҮЛЕСКЕРЛЕР, НҮКТЕЛІК ҚҰРЫЛЫСТАР) – 512. ЖЫЛДЫҢ СОҢЫНА ДЕЙІН ТАҒЫ 5 КЕЗДЕСУ ӨТКІЗУ ЖОСПАРЛАНҒАН**

Қалалық Жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасынан алынған ресми деректерге сүйенсек, 2023 жылдың 1 қаңтарынан 1 қарашасына дейінгі уақытта орталыққа 1588 адам 44280 мәселе бойынша өтініш білдірген. Соның ішінде 17338-і – атаулы әлеуметтік көмек алуға қатысты, 3971-і – баспана алу мәселесі туралы, әлеуметтік қызметтер порталына қатыстысы – 16795, қалған 6176 өтініш өзге де мәселелерді қамтиды. Енді мынадай мәліметке назар аударсақ: «Жанұя» орталығы ашылған 2019 жылдың 26 тамызынан 2023 жылдың 30 маусымына дейінгі аралықта 202195 мәселе бойынша 189355 адам жүгініпті.

Жоғарыда бұл жерде құзырлы мемлекеттік, квазимемлекеттік мекемелер жұмысының ыңғайлы жағдайда ұйымдастырылғанын айттық. Осыған мысал: орталық базасында апта сайын мемлекеттік мекемелердің бірінші басшылары, олардың бірінші орынбасарлары азаматтарды қабылдайды. Биылғы 10 айда осындай 158 қабылдау өтіп, 1068 адам қамтылған. Ал 2022 жылдың 12 айында 230 қабылдау өтіп, 1433 адам қамтылған. Орталық ашылғаннан бері психологиялық көмек беру бөлімі 1646 кеңес түрінде қабылдау жасаған. Ал 2023 жылдың 10 айы ішінде бұл бөлім кеңес түрінде 330 дәріс өткізген. Мамандардың айтуынша, психологиялық көмекке жүгінетіндер, негізінен, 4 өзекті мәселе бойынша өтінішпен келеді. Біріншісі – ауыр психофизиологиялық жағдайдан арылу. Бұған стресс, дағдарыс жағдайы, эмоционалдық төзбеушілік, өзінің қабілетін төмен бағалау, кәсіби құлдырау, қарым-қатынас дағдыларын дамытудың төмен деңгейі, ассертивтік қозғалыс дағдысының болмауы және т. б. жатады. Екіншісі – отбасындағы жанжал, ажырасу, отбасын жою, отбасындағы өзара қарым-қатынастағы дағдарыс, отбасы мүшесі біреуінің жұмыссыз қалуы, балалар үйінде тәрбиеленген балалардың басқа ортаға бейімделе алмауы және тағы басқалар. Үшіншісіне адамды өзіне-өзі қол жұмсауға итермелейтін жағдайлар жатады. Төртіншісі – тұрмыстағы зорлық-зомбылық, араққештілік, есірткіқұмарлық, интернетке тәуелділік, түрмеден босап шыққан адамдардың әлеуметке бейімделе алмауы, ойынқұмарлық және тағы басқалар.

Сонымен қатар «Жанұя» орталығының мамандары заңдық кеңес береді. Биыл жыл басынан бері орталыққа асыраушының құқығын тіркеу бойынша өтініш беруге (ұл, қыз бала асырап алуға), алимент төлемей жүрген адамдардан оны өндіріп алуға, АӘК алуды ресімдеуге, баспанасын сату және сатып алуға, қарызынан құтылуға қатысты 367 адам өтінішпен келіпті. Орталық заңгерлері 2023 жылдың 1 қаңтарынан бастап 3954 кеңес берген. Бұлардың бәрі қалалық әкімдіктің әрбір азаматтың үнін, шағымын естуге, осы бағытта мәселені шешуге құзырлы органдарға жүгініп, әділ шешім шығаруға мүмкіндік береді.

### ЕЛОРДАЛЫҚТАР ӨМІРІН ЖАҚСАРТАТЫН 10 ЖОБА

Қала басшылығы инфрақұрылымды дамыту және елорда тұрғындарының өмірін жақсарту үшін қолдануға дайын практикалық IT-шешімдерді табудың жолдарын қарастыруда. Осы бағытта Astana Hub халықаралық IT-стартаптар технопаркімен бірлесе отырып, IT-жобалардан 100 өтінім жиналды. Олардың 10-ы биыл жазда Pitch Day-дің алтыншы жиынында таныстырылды. Өтінім берген жобалардың бағыты әртүрлі – білім беру, денсаулық сақтау, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, қауіпсіздік және көлік.

Алқалы жиында таныстырылған 10 жоба мынадай: управдом – МИБ, ПИК және тұрғындарға арналған цифрлық экожүйе; Oqylyq – қашықтан оқыту және тестілеу, синхронды, асинхронды және автоматтандырылған прокторинг жүйесін қамтитын платформа; Alaqan mektep – мектептерге арналған алақан тамырларының биометриясына негізделген бірыңғай экожүйе; Socium цифрлық платформасы – 4 бағыт тоғысқан цифрлық талдау платформасы; Иммунитет столицы.kz – халықты жаппай иммунологиялық тексеру технологиясы; Beyne.ai – ашық дереккөздерден және бейнекамералардан бетті тану және іздеу технологиясын әзірлейтін жүйе; Operational Platform of Expert Recognition (O.P.E.R.) – интеллектуалды бейнебақылау жүйесі; Jastar Life – жоба мұғалімдерге оқушылардың сабаққа қатысуы мен үлгерімі туралы есеп беруде уақыт үнемдеуге мүмкіндік береді; Доступный двор – жоба автоматты шлагбаумдар мен қақпалар орнатылған тұрғын үй кешенінің аулаларына шұғыл қызметтердің кіру мәселесін шешеді; МДМС – ұсынылып отырған шешім мемлекеттік сатып алу порталынан позиция мен сертификаттар бойынша деректерді жинауға және талдауға арналған веб-қосымша түріндегі құрал.

Астанадағы 10 негізгі өзекті мәселені IT-мамандар инновациялық технологиялық идеялардың көмегімен шешуге әрекет етеді.

«Астананың аумағы өсіп жатыр және жаңа сервистерге мұқтаж. Сондықтан бізге жас стартаптардың IT-шешімі ауадай қажет. Таныстырылған бірде-бір жоба назардан тыс қалмайды. Барлығын мұқият зерттеп, алдағы уақытта міндетті түрде тағы бір рет кездесеміз. Мектепте немесе медицина мекемелерінде қанатқақты жобаны сынақтан өткізу керек болса, ол жұмыс басталады. Сонымен қатар стартаптарға коммуналдық салада жұмыс істеуді ұсынамын. Бізде коммуналдық мекемелер көп және олардың шешуді қажет ететін проблемалары жетерлік. Біз осы тақырыпты талқылап, ұсынылатын IT-шешімдерді қаржыландыруға дайынбыз» деп мәлімдеді Pitch Day-дің алтыншы жиынында Жеңіс Қасымбек.

Бұл жобалардың қайсысы өмірімізде қолданылатынын уақыт көрсетер. Ең бастысы, Астана әкімдігі қарапайым тұрғындарға өз ойымен, идеясымен, жасалымымен алмасу үшін, соларды қолданысқа енгізу үшін ыңғайлы цифрлық алаңдарды ашық ұсынып отыр.



Сұлтан СЕЙІТ




**ВОЛОНТЕРЛЕР ҚОЗҒАЛЫСЫНЫҢ СТАТИСТИКАСЫ БОЙЫНША БЫЛТЫР ЕЛОРДАДА 320 АДАМ ЖОҒАЛСА, БИЫЛ ЖЫЛ БАСЫНАН БЕРГІ 11 АЙДА 298 АДАМ ЖОҒАЛҒАН**

# ЕРІКТІЛЕР
## ЖОҒАЛҒАН АДАМДЫ ҚАЛАЙ ІЗДЕЙДІ?

Қайтып оралмады. Әдетте із-түзсіз жоғалған жандардың оқиғасы осылай басталады. Түрлі себеппен үйге қайтып келмегендер жайлы ақпараттың көптігі қоғамды алаңдатады. Елордалық еріктілер де мұндай хабарға бейжай қарамайды. Осы орайда тілшіміз «Волонтёры Астаны Lider.kz» қоғамдық қозғалысының негізін қалаушы Айзада ЖҮСІПОВАДАН ел аман, жұрт тыныштa түрлі себептермен із-түзсіз жоғалғандарды іздеуге көмектесіп жүрген волонтерлер жұмысы жайлы егжей-тегжейлі сұрап білді.

Еліміз бойынша Lider.kz қозғалысы жоғалған адамдарды іздестіру жұмысына белсене қатысады. Ал «Волонтёры Астаны Lider.kz» волонтерлер тобы 2016 жылы құрылған. Айзада Жүсіпованың мұндай шешімге келуіне кішкентай қыздың жоғалып кетуі себеп болған.

– Мен волонтерлікке 2016 жылы келдім. Оған сол жылы 10 мамырда Нұра өзені жағасында 1 жас 8 айлық кішкентай қыздың жоғалып кетуі себеп болды. Әдеттегідей жұмыста едім, бала жоғалғаны туралы естігенде қатты уайымдай бастадым. Іздеу жұмыстары болып жатқан жерді анықтап, 11 мамырда көпшілікпен бірге баланы іздеуге кірістім. Арада 11 күн өткен соң ғана сәбидің денесі табылды. Табылған кезде барлығымыз есеңгіреп қалдық. Сол уақытта басымнан өткен оқиғалар елордада із-түзсіз жоғалған адамдарды іздестіру бойынша өз қозғалысымызды құруға себеп болды, – дейді Айзада Жүсіпова.

Lider.kz қозғалысына республика бойынша 2 мыңға жуық волонтер мүше. Ал елордалық топта 80-ге жуық волонтер бар. Олар мұғалім, журналист, шаштараз, прокуратура қызметкері сияқты түрлі сала мамандарынан құралған.

Қозғалыс жетекшісі бізге хабарсыз кеткен адамдарды іздеудегі өз әдіс-тәсілдерімен бөлісіп өтті.

– Бізге полициядан немесе жоғалған адамдардың туыстарынан хабарлама түседі. Әлеуметтік желі арқылы байланысқа шығатындар да бар. Егер жоғалған адам бала, егде жастағы қария немесе қандай да ауруға шалдыққан адам болса, онда бірден іздеуге шығамыз. Ал орта жастағы, дені сау адам болса, ол кезде алдымен жан-жаққа адам жоғалғаны туралы ақпарат жіберумен айналысымыз. Сондай-ақ жоғалған адам туралы ақпараттың рас екенін білу үшін жақындарымен байланысқа шығамыз. Осылайша іздеу жоспарын құрамыз. Біз жоғалған адам соңғы рет болған жерді штаб деп атаймыз. Сол жерге волонтерлер жиналып, аймақты іздеу жұмысын бастайды. Егер ешқандай нәтиже болмаса, онда тұтас қала іші мен сыртын қамтимыз. Бізге жақынын жоғалтып алған кез келген адам тікелей көмек сұрай алады. Біздің байланыс нөмірлеріміз интернетте қолжетімді және әлеуметтік желімізде жазылған, – дейді ол.

Волонтерлер қозғалысының статистикасы бойынша елордада соңғы 11 айда 298 адам жоғалған. Айзада Жүсіпованың сөзінше, адамдардың жоғалу көрсеткіші жыл мезгілдеріне қарай өзгеріп отырады екен.

– Байқағанымыздай, Астана және Алматы қалаларында адамдар көп жоғалады. Олардың із-түзсіз кетуіне жыл мезгілдеріне байланысты деп айтуға болады. Мәселен, жазда күн жылы, адамдар өзен-көлге жиі барады. Сондай кезде ата-аналар алдарындағы балаларынан көз жазып қалып жатады. Егер денсаулығында қандай да бір ауытқушылық бар адам болса, іздеу кезінде жағдай қиындай түседі. Соңғы 8 жылдағы статистиканы қарасақ, тек 2020 жылы ғана бұл көрсеткіш төмендеді. Оған әрине, коронавирус себеп болды. Себебі сол уақыттарда барлық адам көп уақытын үйлерінде жақындарының қасында өткізгенін білеміз. Ал 2022 жылы жоғалған адамдар саны қайта көбейе бастады. Былтыр елордада 320 адам жоғалса, биыл жыл басынан бергі 11 айда 298 адам жоғалған, – дейді Айзада Жүсіпова.

Қозғалыс жетекшісінің айтуынша, елордада іздеу жұмысына орта есеппен 30-40 волонтер жұмылдырылады. Олардың жұмыс істеу жоспары нақты белгіленген. Бірі әлеуметтік желілерде адам жоғалғаны туралы хабарлама жіберсе, ал басқалары жаяу іздеуге кіріседі. Кез келген кәмелет жасына толған волонтер іздеу жұмысына қосыла алады.

**СОҢҒЫ ДЕРЕКТЕРГЕ СҮЙЕНСЕК, ЕЛІМІЗДЕ 10 748 АДАМ ІЗДЕУДЕ, ОЛАРДЫҢ 2 176-СЫ ХАБАР-ОШАРСЫЗ КЕТКЕН. ІЗ-ТҮЗСІЗ КЕТУДІҢ ЖОЛЫ ДА, СЕБЕБІ ДЕ САН ТҮРЛІ**

Адамды іздеу – күрделі процесс. Әсіресе із-түзсіз жоғалған жандардың нендей қиындыққа тап болғанын топшылау қиын. Сондықтан да волонтерлермен қатар, бұл міндетті құқық қорғау мен төтенше жағдай қызметкерлері де теңдей атқарады.

– Орта есеппен 30-40 адам іздеу жұмысына атсалысады. Егер бұл күш жетпей жатқанда қосымша волонтерлерді шақырамыз. Балаларды іздеу өте қиын және ауыр. Әсіресе балада психикалық ауытқу болса, іздеу тіптен қиынға түседі. Олар өздерін қорғауды білмейді. Сондай-ақ адамдармен сөйлесуден қорыққандықтан, өз өміріне одан бетер қауіп төндіруі мүмкін. Ал дені сау бала жоғалған жағдайда қасында кетіп бара жатқан адамға жоғалғанын айтып, өзін қорғау әрекетін жасайды. Сондықтан да оларды іздеген кезде тез әрекет етіп, әрі аман-сау күйінде табылуына бар күшімізді саламыз, – дейді ол.

Айзада Жүсіпова іздеу жұмысына қатысқан волонтерлер бейнебақылау камерасы арқылы бақылап отыратын мүмкіндік болса деген ойын ортаға салды. Мұндай мүмкіндік, біріншіден, волонтердің жеке басының қауіпсіздігін қадағалауға жағдай жасайды.

– Бірінші кезекте волонтер қауіпсіздік ережелерін білу керек. Өйткені іздеу жұмысы күрделі бағыт болғандықтан, волонтерлердің өзі қауіпке түсіп жатады. Сондықтан да біз оларға алдын ала үйрету сабақтарын өткіземіз. Қалай өзін ұстау керек, қалай киіну керек, адам іздегенде қандай құрал болу керек екенін айтамыз. Әрине, әрқайсысында бейнебақылау камерасы болғанын қалаймыз. Штаб үйлестіруші әрбір волонтерді бейнебақылау камерасы арқылы қарап отырса жақсы болар еді. Бірақ оған қаржылық мүмкіндік жоқ. Біз барлық жұмысты тегін жасаймыз, демеушіміз де жоқ, – дейді қозғалыс жетекшісі.




Волонтерлер адамдарды іздеу кезінде көп күш жұмсаумен қатар, егер өлі табылған жағдайда психологиялық сынаққа ұшырайды. Тіпті болған оқиға қатты ауыр тиген болса, волонтерліктен бас тартып жататын жағдайлар да кездесіп жатады екен.

– Көп жағдайда егер іздестіріліп жатқан адам тірі табылмаса, волонтерлер оқиғаны моральдық тұрғыдан көтере алмай жатады. Мұндай жағдайда қозғалыстан кетіп, бірақ кейін араға жылдар салып қайтып оралған волонтерлеріміз бар. Қанша жерден тез әрі тірі табылғанын қаласақ та, іздеу жұмысы қайғылы жағдаймен аяқталатын кездер көп. Олардың жақындарының уайымын көрген соң, еріксіз жүрекке ауыр тиеді. «Іздеу жұмыстары аяқталды, бірақ, өлі табылды» деген ақпарат біз үшін өте ауыр, – деп түсіндірді спикер.

Сұхбат барысында Айзада Жүсіпова волонтерлік жолында өзіне қатты әсер еткен оқиғаны еске алды.

– Естеріңізде болса, 2019 жылы елорда іргесінде 13 жасар Бақдәулет Әмірхан жоғалып кеткен еді. Тек төрт күннен кейін ашық қалған құдыққа түсіп, қайтыс болғаны белгілі болды. Осы оқиға маған өте қатты әсер етті. Біз Бақдәулетті тірі күйінде табамыз деп соңына дейін үміттендік. Соған сендік, алайда... Жалпы, оны іздеуге Астанадан ғана емес, бүкіл Қазақстаннан хабарласып, ниет білдіргендер көп болды. Біз 10-15 адамнан топ-топқа бөлініп іздедік. Әрқайсымыз белгілі аумақ бойынша қарап тексердік. Ақпанда қар қалың жауып, қатты жел болды. Арнайы техникасыз жүргендіктен, адамдардың киімдері небәрі 10 минуттың ішінде дымқылданып кетіп жатты. Қар деген кеудеден келеді. Оның үстіне ашық жатқан құдықтар өте көп. Іздеу барысында сондай құдықтардың ішіне еріктілердің өздері де құлап кеткен жағдайлар болды.

Бірақ біз оны тірі таба алмадық. Баланың анасына хабар жеткізген кезде өте ауыр болды. Оның қазасы туралы қаралы хабар іздестіру жұмысына қатысқан барша жұрттың, соның ішінде волонтерлердің де қабырғасын қайыстырып кетті. Бәріміздің жанымызға батты, көзімізге жас алдыртты. Содан кейін біраз уақыт күйзелісте жүрдім. Қанша уақыт өтсе де мен әлі ол күнді ұмытпадым және есіме түскенде оқиға кеше ғана болған сияқты көрінеді, – деді ол.

Соңғы деректерге сүйенсек, елімізде 10 748 адам іздеуде, олардың 2 176-сы хабар-ошарсыз кеткен. Із-түзсіз кетудің жолы да, себебі де сан түрлі. Әр адамның өмірі, тағдыры мен денсаулығына жауапты болу – ауыр міндет. Елордалық волонтерлер мұндай кезде әр минутты құнды екенін жақсы біледі.

**Зарина СӘРСЕНБАЙҚЫЗЫ**

# МЕН ҮШІН ЖАҢА БЕЛЕС

Волонтерлікпен айналысуды бір жарым жыл бұрын бастадым. Өзіме жаңа өмір салтын таптым десем де болады. Бастаған кездерде қатты қиындық  болған жоқ. Себебі жаратылысымнан ашықпын, адамдармен қарым-қатынасты жақсы көремін және жаңа белестерді бағындыруға әрқашан дайынмын.

Осы қасиетімнен де шығар, жыл ішінде Ұлттық волонтерлік желісінің үйлестіруші атағына жеттім. Бұл менің атқарған енбегімнің жемісі деп ойлаймын. Осы жылдары әртүрлі бағыттағы волонтерлік жұмыстарды атқарып, өзімді сынап көрдім десе болады. Мысалы, эко-волонтерлік, әлеуметтік волонтерлік және іс-шаралық волонтерлік.

Үйлестірушілердің атқаратын ісінің көп бөлігі іс-шараға дейін болады. Яғни, волонтерлерді тауып, топтастыра білу. Сіз медицина университетіне барып мемлекеттік іс-шараға волонтер талап етпейсіз ғой? Волонтерлерді керекті жерде іздеу, волонтер туралы ақпаратты жинақтайтын платформа (Google форма болуы мүмкін), оларға іс-шара туралы түсіндіру,



атқаратын қызметтерін әр қырынан түсіндіру, іс-шараға байланысты барлық сұрақтарға жауап беру үйлестірушілердің және тимлидерлердің (әр бөлінген зонаның жауаптысы) қызметін анықтап, жауапкершілігін түсіндіру қажет.

Бір байқағаным, карантинге дейін волонтерлік туралы өзім де аса естімейтінмін. Волонтерлер көмегі карантин кезінде қатты байқалды. Қоғамның да бізге деген қарым-қатынасы жақсы. Бірақ кей жағдайларда халыққа кім екендігімізді түсіндіру қиынға соғады. Барлығы біле бермейді, тегінге жүрген еңбек көзі деп санайды.

Қазіргі таңда өзім волонтерлік ұйымда жұмыс істегендіктен жақсы білемін, волонтер көмегі әрқашанда әр салада әр аймақта керек. Атап айтқанда, қарияларға көмектен бастап халықаралық марафондарға дейін.

**Құралай ҚАЙРАТҚЫЗЫ,**
**Ұлттық волонтерлік желісінің үйлестірушісі**

# ЖОСЫҚСЫЗ ҚҰРЫЛЫСТЫҢ ЗАРДАБЫ КӨП

«Geneva-1» тұрғын үй кешенінің жыры бітпей тұр. Өйткені 2022 жылдың тамыз айында құрылыс компаниясы салымшыларға пәтер кілтін беруі керек еді. Бір жылдан асты. Уәде сөз жүзінде қалды. Сабыры таусылған салымшылар журналистерді шақырып, мәселеге мән беруді сұрады. Көппен бірге біз де барып, мән-жайды білдік.



Нұрлат БАЙГЕНЖЕ

Салымшылар компаниямен келісімшартты бұзып, салған қаржысын қайтару үшін өтініш жазады. Шарт бойынша мердігер компания 60 жұмыс күні ішінде салымшыға ақшасын қайтаруы керек. Алайда кері қайтқан ақша жоқ не біткен үй жоқ. Салымшылар осыған наразы.

Астанада салымшылар мен құрылыс компаниялары арасындағы бұл мәселе бітпес дауға айналғалы қашан... Рас, бас қалаға басшы болғандардың негізгі бас ауруына айналды.

Қыркүйек айының басында Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Астана қаласының әкімі Жеңіс Қасымбекті қабылдап, ұзаққа созылған құрылыс нысандарын аяқтау, апатты жағдайдағы және ескі үйлерді бұзу, тұрғын алаптарын одан әрі дамытуды тапсырды. Сөйтіп, қала деңгейінде шешілетін мәселе мемлекеттік деңгейде көтерілді.

Жеңіс Қасымбек әкім қызметіне кірісken сәттен-ақ құрылысы ұзаққа созылған тұрғын үйлер мәселесіне назар аударып, мердігер компания басшылары және салымшылармен кездесіп, ұдайы назарынан түспейтінін ескертті.

Тамыз айында Астана әкімдігі жосықсыз құрылыс салушылардың тізімін жаңартты. Sat-NS компаниясы Нұра ауданы аумағындағы «Республика» тұрғын үй кешенін, G-Park компаниясы Алматы ауданындағы «Geneva» тұрғын үй кешенін уақытылы тапсыра алмағаны үшін «қара тізімге» енді.

Қалалық Сәулет, қала құрылысы және жер қатынастары басқармасы басшысының орынбасары Аян Смағұловтың сөзінше, жыл басында құжатсыз 90 құрылыс нысаны анықталып, оның 44-і құрылыс жүргізуге рұқсат алды.

– Елордада «Тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу туралы» заңының талабын сақтау бойынша проблемалар бар. Заңның бұзылуына жол бермеу үшін үлескерлер қаржысын тартуға құқығы жоқ құрылыс компанияларының «қара тізімі» жүйеленді. Құрылыс компаниясы үлескердің қаржысын тұрғын үй құрылысының бірыңғай операторының кепілдігін алғанда, екінші деңгейдегі банктің жобасына қатысқанда, тұрғын үйдің қаңқасы салынғаннан кейін үлескерлердің ақшасын тарта алады, – деп жауап берді Аян Смағұлов.

Қалалық орта сапасы және бақылау басқармасы басшысының орынбасары Оксана Ибраева:

– Біздің басқарма Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотына құрылыс-монтаждау жұмысын тоқтатуға және бұзуға байланысты 63 арыз жолдады. Оның ішінде 13 талап-арыз сотта қаралуда. Талап-арыздардың 50-ін қанағаттандыру туралы шешім шықты. Соттың 8 шешімі заңды күшіне енген жоқ. 42 сот шешімі Астана қаласы Әділет департаментінің орындалуында, – деп жауап берді.

Бұған байланысты Астана қаласы прокуратурасының да айтары бар.

«2019 жылдан бері проблемалы жылжымайтын мүлік саны 150-ден 32-ге, ал алданған үлескерлер 16 мыңнан 4 мыңға дейін қысқарды. Осы кезеңде прокуратура 4,9 мың үлескердің мүддесіне 48,5 млрд теңгеге 125 талап-арыз жолдады. Жосықсыз құрылыс салушыларға қарсы профилактика шаралары қабылдануда. Уәкілетті органмен 2019-2023 жылы үлескерлерден ақша тартуға құқығы жоқ 149 компания әкімшілік жауапкершілікке тартылды. Бүгінде полицейлер 10 тұрғын үй кешенін салушы компания басшысына қатысты 7 қылмыстық істі тергеп жатыр. Ал 5 адам қамауға алынды. Аталған тұлғалардың әрекетінен 426 азамат зардап шекті» деп мәлімдеді құзырлы орган.

**2019 ЖЫЛДАН БЕРІ ПРОБЛЕМАЛЫ ЖЫЛЖЫМАЙТЫН МҮЛІК САНЫ 150-ДЕН 32-ГЕ, АЛ АЛДАНҒАН ҮЛЕСКЕРЛЕР 16 МЫҢНАН 4 МЫҢҒА ДЕЙІН ҚЫСҚАРДЫ. ОСЫ КЕЗЕҢДЕ ПРОКУРАТУРА 4,9 МЫҢ ҮЛЕСКЕРДІҢ МҮДДЕСІНЕ 48,5 МЛРД ТЕҢГЕГЕ 125 ТАЛАП-АРЫЗ ЖОЛДАДЫ**

## ШЕКТЕУМЕН ТЫҒЫРЫҚТАН ШЫҒАМЫЗ БА?

Жыл басында Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Астана қаласында жосықсыз жүргізілген құрылысты сынаған еді. Содан кейін Астана қаласының әкімдігі құрылыс компанияларына талапты күшейтті. Яғни 2035 жылға дейінгі бас қаланың Бас жоспарын бекітіп, онда құрылыс компаниялары әлеуметтік инфрақұрылым: су, жылу, электр энергиясын шешпей, құрылыс жүргізуге рұқсат бермейтін болды. Шектеу шектен шыққан құрылыс компанияларының «қаржылық тәбетін» баса ала ма? Оны уақыт көрсетеді.

1998-2023 жылы Астана халқының саны 4,2 есе өсіп, 326900 адамнан 1 миллион 371 мың адамға жетті. 1998 жылы елорда перзентханаларында 3,4 мың сәби дүниеге келсе, кейінгі 3-4 жылда жыл сайын 25-30 мың бала туады. Демография өсімін ескерген Премьер-министрдің орынбасары Тамара Дүйсенова Астанаға көші-қонды шектеу қажеттігін көтерді.

Әрине, Астана елдің ірі мегаполисі ретінде дамып, «жайлы қала», «ақылды қала» статусына сай ілгерілей бергенін бәріміз қалаймыз. Алайда оған елорданың сервистік мүмкіндігі жете ме? Ең басты мәселе – осы. Соған байланысты елордаға келетін адам санын шектеу керек деген пікірлер жиі-жиі айтыла бастады. Тіпті Үкімет деңгейінде көтерілді. Мұның бір жағы дұрыс. Өйткені қазір Астанада электр энергиясына, ауыз суға деген тапшылық бар. Мұны ешкім жоққа шығара алмайды.

Бізге белгілісі, Астанада 3-ЖЭО, сорғы және сүзу стансасы, тағы басқасы салынып біткенше құрылысшыларға жаңа тұрғын үй салуға тыйым салынды.

Қазақстан құрылыс салушылар қауымдастығының басшысы Виктор Микрюков: «Құрылысты шектеу қисынды әрі дұрыс деп санаймыз. Қазірдің өзінде Астанада энергетикаға қатысты проблема бар. Олар: су, жылу, электр энергиясы және тағы басқасы» деді.

Әрине, қаланың Бас жоспарында халықтың болжамды саны 2025 жылы – 1 миллион 480 мың адам, 2035 жылы 2 миллион 275 мың адамға жеткенде, күрделі әлеуметтік мәселелер туындамай ма? Мәселен, көшелер көлік ағынын өткізуге қабілетті ме, мектептер мен балабақшалар, емханалар мен ауруханалар саны жеткілікті ме? Тұрғын үйді салуды шектеу нарықтағы бағасына қалай әсер етеді? Осындай сан сұрақ алдымыздан шығатыны анық.

Қауымдастық басшысы құрылысты шектеу салынып жатқан нысанның сапасына әсер ететінін айтты. Бірақ екінші қырынан алатын болсақ, пәтердің шаршы метрі қымбаттайды. Қазір елордада тұрғын үйдің бағасы қалыпты, тіпті Алматы қаласымен салыстырғанда біршама арзан деуге болады. Бұған халықтың сатып алу қабілетінің төмендегені әсер еткені анық.

«Этажи» жылжымайтын мүлік және ипотека орталығының өкілі Қуаныш Сейдулла бірнеше жылда Астанада пәтер бағасы қымбаттайтынына күмән келтірмейді. Бірақ қаншалықты екенін айта алмады.

– Алматы шаһарында пәтердің шаршы метрінің орташа бағасы 660 мың теңге болса, Астанадағы орташа баға – 390 мың теңге. Елордада пәтер бағасы қымбаттайды. Бірақ қашан, қалай, қанша теңге болатынын айту қиын. Қазір бас қаланың үйсіз әрі жалдамалы жұмыс істейтін тұрғындарын солтүстік өңірлерге шақырып жүр. Егер қалада үй қымбаттайтын болса, кейбір азаматтар жоспарын қайта қарап, не туған жеріне, не солтүстік өңірлерге баруы әбден мүмкін, – деді ол.

## ӘЛЕУМЕТТІК НЫСАНДАР ЖЕТКІЛІКТІ МЕ?

Шыны керек, бас қаладағы басты мәселенің бірі – әлеуметтік нысанның қажеттілігі. Әсіресе емхана мен мектепке сұраныс жоғары. Қазір 8 мектеп үш ауысыммен оқыса, 16-сында тығыздық сақталуда. Ең қиыны, мектептерде бір сыныпта 40 оқушыға дейін оқиды. Мұндай білім ордаларынан білім сапасын талап етудің өзі артық. Егер тұрғын үй құрылысы қарқынды жүре берсе, білім беретін ұйымдарға сұраныс одан сайын артпай ма? Бұл – күрделі әлеуметтік мәселе.

Астана қаласы Құрылыс басқармасы басшысының орынбасары Бауыржан Аймағамбетов мектептердің құрылысы кезең-кезеңмен жүргізілетінін айтты.

– Нұра және Алматы аудандарында мемлекеттік мектептердің құрылысы жүріп жатыр. Мәселен, Тұран даңғылы және №24 көше ауданындағы 1200 орындық мектеп, №17 мектепке – 350 орындық жапсаржай, №44 мектепке – 600 орындық жапсаржай, №53 мектепке 600 орындық жапсаржай құрылыс биыл аяқталады, – деді ол.

Бауыржан Аймағамбетовтің сөзінше, 2023 жылы «Жайлы мектеп» жобасы аясында Ш.Айтматов көшесінде, Наурызбай батыр мен Исатай батыр көшелерінің қиылысында 2000 орындық мектеп бой көтереді. Бағдарламамен Е17 және Е26 көшесінің қиылысында, Төле би мен Е758 көшесінің қиылысында, Е48 бен Е77 көшесінің қиылысында, Е796 мен Е899 көшесінің қиылысында 2000 орынға шақталған білім ордасы салынады. Сондай-ақ Е127, Е368, Е418, Е535 көшесінің квадратында, Төле би мен Т4 көшесінің қиылысында, Е30, Е751, Е796 көшесінің қиылысында заманауи мектеп пайдалануға беріледі. Бұған А.Байтұрсынұлы көшесіндегі 600 орындық мектепті қосу керек. М.Төлебаев пен Бурабай көшесінің қиылысында, Ж.Нәжімеденов пен А56 көшесінің қиылысында, Ш.Қалдаяқов пен А30 көшесінің қиылысында 2000 орындық білім беру ұйымы ашылады. Дәл осындай мектеп Ш.Құдайбердіұлы даңғылы мен І.Жансүгірұлы көшесінің қиылысында, Ж.Нәжімеденов пен А56 көшесінің қиылысында, А102 мен А104 көшесінің қиылысында есігін ашады.

Әрине, мектеп көптеп ашылып, үш ауысымды мектеп мәселесі шешілгені дұрыс. Алайда Мәңгілік ел және Тұран даңғылдарының бойындағыдай арасы тығыз болып тұрғын үй салына берсе, онда автотұрақ мәселесі бірінші орынға шығып, өрт қауіпсіздігі стандартын сақтауда қиындықтар туындайды. Сол себепті Астананы жайлы, қауіпсіз ете түсуде батыл шешімдер керек секілді.

АЙТПАЙЫН-АҚ ДЕП ЕДІМ...

# ҚАЗАҚЫ ЕСІМДЕРДЕН БЕЗІНБЕЙІК!

Бір кездері «Асыл арна» телеарнасы арқылы жүргізілген саясат «жемісін» беруде. «Асыларналықтар» сол кезде ешкімнен именбестен: «Дінсіз қауымға тән есімдерден гөрі ұлдарымызға Мұса, Иса, Салих деп пайғамбарларымыздың атын, қыздарымызға Фатима, Халима, Әмина деген есімдерді қоялық» деген мақсатын халыққа ашық айтты. Еліктегіш қазақтар бұл ұсынысты бірден құп көріп, жаңа туған сәбилеріне Абдуррауф, Абдуссамад, Абдуллах, Абдуррахман, Абдусаиднұрислам, Амир, Али деп арабша ат қойып жүр. Ел арасына кең тараған әйгілі есімдердің ішінде Раяна, Рабия Сұлтанбегім, Раббина, Айлин, Медина, Аиша (Айша емес), Амина, Айлин, Сафия көп. Ер балаларға Алихан, Нұрислам, Али деп ат қоятындар жетерлік.

Төлен ТІЛЕУБАЙ

Бұл – қазақы болмысты жай жатырқау емес, ұлттық дәстүрден безіну. Арабқұлдар «ырымдап қоятын аттардан бас тарту» дегенді қоғамға насихаттап, тағы дегеніне жетті. Қазақтың дәстүрінде балаларға тіл-көз тиюден және жын-шайтаннан сақтану мақсатымен: Итбай, Күшікбай, Жаманбай деген елеусіз, оғаш есімдер қойып отырған.



Бұрын қазақ бала дәулетті болсын деген тілекпен Байбол, Алтынбай, Дәулетбай; ержүрек болсын деген тілекпен Батыр, Қаһарман, Батырбек, Қамбар; ажарлы болсын деген тілекпен Айсұлу, Нұрсұлу, Аққыз, Аппақ, Жамал, Ботакөз; ұзақ жасасын деген ниетпен Ұзақ, Өмірзақ, Мыңжасар; ақылды болсын деп Ақылбай, Ақылбек, Дана деп ат қойған. Қазір қазақ осы есімдерден бас тартып, Белла, Лурия, Нармин, Эдельвейс, Саммидастана, Абдусаиднұрисламхан, Имран, Ахмад, Хамза деп ат қоятын «сән» шығарып жүр. Бұған не дейсіз? Санамызды отарсыздандыру процесінің жүргізілмей жатқанын осыдан-ақ көруге болады.

2023 жылдың 6 айында Қазақстанда 189,5 мың бала дүниеге келді: 98 мың ұл, 91,5 мың қыз. Соның ішінде сәбилерге ең көп қойылған есімдер – Әлихан мен Мадина. Ұлттық статистика бюросы 2023 жылғы маусымда ер балаларға қойылған ең танымал 10 есімді жариялады: Әлихан – 298; Алдияр – 262; Амир – 240; Омар – 233; Алан – 227; Айсұлтан – 208; Мұхаммед – 188; Нұрислам – 182; Хамза – 180; Әли – 171. Ал қыз балалар есімі рейтингін Мәдина мен Айлин бастап тұр. Маусым айында қазақстандықтар ең көп қойған есімдер мыналар: Мәдина – 551; Айлин – 482; Айша – 452; Асылым – 440; Томирис – 305; Сафия – 284; Райан – 283; Айым – 266; Әмина – 257; Аяла – 246.

Қазақ халқы ат қоюда өзгеден үйренетіндей, соның дәстүрін көшіретіндей ұлт емес. Қаншама ғасыр бойы өлмей, өшпей, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан салт-дәстүріміз бар. Сол ата салтымызды ұстануға тиіспіз.

№133 (4566) 09/11/2023 Бейсенбі





# ТҰРМЫСЫҢ ҚАЛАЙ, ТҰРҒЫН АЛАПТАРЫ?

Астана қаласы халқының төрттен бірі тұратын іргедегі тұрғын алаптарын дамытуда әкімдік жүйелі жұмыстар жүргізеді. Қала әкімі шаһардағы 16 тұрғын алаптың халқымен тұрақты кездесулер өткізеді. Осындай жүздесулерде айтылатын талаптар мен сұраныстарға қарай даму жоспары әзірленеді. Сол бағытта дамып келе жатқан Алматы ауданына қарасты Интернациональный, Мичурин және Күйгенжар елді мекендерінің бүгінгі жай-күйімен таныстық.

Райхан РАХМЕТОВА

Әкімнің осы алаптар тұрғындарымен кездесулерінде инженерлік желілер, әлеуметтік нысандар, жолдар салу, жарықтандыру, сумен жабдықтау, электр энергиясы бағаналарын жаңарту, жаңа автобустарды іске қосу туралы мәселелер көп айтылады. Елорданың шет аймағындағы аталған үш тұрғын алабы да Қарағанды – Астана тас жолының оңтүстігін ала орналасқан. Кезінде қаладан тыс совхоздар ретінде дамыған елді мекендер 2001 жылы Астананың аумағына қосылды. Мемлекет басшысының тапсырмасымен әкімдік тарапынан шет аймақтарды дамытуға баса көңіл бөлініп, елді мекендердің қордаланған проблемалары біртіндеп шешімін тауып келеді. Үш алаптың қазіргі жағдайын Алматы ауданы әкімінің бас инспекторы Азамат Нұғманұлы таныстырды.

### ИНТЕРНАЦИОНАЛЬНЫЙДА МЕКТЕП ҒИМАРАТЫ КЕҢЕЙТІЛДІ

Кезінде көп ұлттар қоныстануына байланысты Интернациональный аталған алаптың аумағы – 180 га, тұратын халық саны – 11 мыңнан астам адам. Аумағында С.Сейфуллин атындағы аграрлық университетінің бір ветеринарлық факультетінің, яғни «учебное хозяйствосы» орналасуына байланысты халық арасында бұл алаптың «Учхоз» деген қосалқы атауы да бар. Бүгінде өзге ұлттардың көбі кетіп, негізінен, басқа облыстардан келген қазақтар мекендейді. Тұрғын алапта 1182 жер үй, 354 пәтерлік 4 тұрғын үй бар. Былтыр желтоқсанда алапқа газ берілді. Бірақ үйді-үйге тарту жұмыстары әлі де жалғасып жатыр. Интернациональный тұрғын алабының ең басты әлеуметтік нысандарының біріне 51 жылдық тарихы бар 640 орындық №44 ескі мектеп жатады. Оның жанынан жаңа 600 орындық қосымша ғимарат салынып, биыл 3 қараша күні ашылды. Соның нәтижесінде 1200 оқушы қабылданып, алаптағы балалар мектеппен толық қамтылады.



– 4 қабатты жаңа ғимарат ашылғаннан кейін ескі жағын бастауыш сыныптарға береміз, жаңасында жоғары сыныптар оқиды. Бұл жерде бізге 570 шаршы метрлік спортзал, 157 шаршы метрлік асхана салынып берілді. Балалардың оқитын сыныптары да үлкен, жарық. Мұғалімдер бөлмесі де қарастырылған. Балалардың бос уақытын тиімді өткізуге қосымша секциялар да бар. Жаңа ғимаратта білім сапасы артып, бұл балалардың оқу үлгеріміне де оң әсер етеді дегенге сенімдемін, – дейді аталған мектеп директоры Ләззат Құлтаева.

Массивтегі бір мемлекеттік балабақша осы тұрғын алап халқы үшін жеткілікті екен. Сонымен қатар шағын дәрігерлік пункт жұмыс істейді, мұндай отбасылық дәрігерлік амбулатория әр алапта бір-бірден бар. Осы жылы мұнда 2 қоғамдық кеңістік, балаларға арналған спорт алаңы, балалар ойын алаңы және «Достық» шағын ауданында үлкен сквер ашылды. Алаптағы 26 көшенің 14-іне тас жол төселген. Былтыр қаладағы екінші рет қолдануға болатын ескі асфальттар алаптың 9 көшесіне әкеп төселді. Ең бастысы, Армандастар көшесінде инженерлік желілер, құбырлар салынып, кәріз жүйесі орталықтандырылды және нөсерге қарсы кәріз жұмыс істеп тұр.

– Асфальтты-бетон жабынды төсеу жұмыстары биыл Мереке және Ұлан көшелерінде жасалып жатыр. Әр алапта бір-бір жылы аялдама бар. Былтыр жылдың аяғында тағы бір жылы аялдама орнатылды. Қарағанды – Астана тас жолына алаптан шығып бара жатқан тұста Төлебай қажы мешіті орналасқан. Тас жолдың арғы бетінде үлкен «Магнум» супермаркеті тиіп тұр. Алапты 29, 29а, 9, 80 нөмірлі 4 автобус аралап, қалаға жылдам жеткізеді. Қатынау жиілігі қанағаттандырады, – дейді инспектор. Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ететін учаскелік полиция пункті осы алапта орналасқан. Қалған екі алапқа осы жерден тәртіп сақшылары бөлініп қызмет көрсетеді.



Сұлтан СЕЙІТ

### МИЧУРИННІҢ МӘСЕЛЕСІ НЕДЕ?

Аумағы 220 га жерді алатын келесі алап Мичуринде 2407 адам тұрады. Олар 135 жеке сектор және 4 тұрғын үйлерде өмір сүреді. Астанадан 10 км қашықтықта жатқан алап 1969-1972 жылдары іргесі қаланып, кезінде совхоз болып ашылған. Оған дейін орнында алма бағы болған. Ал қазір жан-жақтан келетін ел азаматтарының құтты мекеніне айналған тұрғын алапта шағын мектеп, спорт кешені, дүкендер, медициналық пункт бар. Тұңғыш Президент резиденциясы да осында орналасқан. Сондай-ақ әдемі безендірілген су мұнарасы да алыстан менмұндалайды. Газдандыру жұмыстары толық жүргізіліп, құбырлары жеткізілген. Жер үйлердің шарбағы жанынан орталық газдандыру жүйесіне қосатын газ құбырлары өтіп жатыр. Елді мекендегі тұрғын үйлер 100 газбен қамтамасыз етілді, 91 абонент газға қосылған. Тұрғындардан 122 өтінім түсіп, 90 техникалық шарт беріліпті. 2020 жылы пайдалануға берілген су жаңа мектебі бар. Балалар спорт кешеніне, үйірмелерге барады. Қоғамдық көлікпен қалаға дейін 30 минутта жетеді. Екі арада №80 және №321 автобустар жиі қатынайды. Қалалық №7 емханаға қарайтын медициналық пункт дәрігерлері алап тұрғындарының денсаулығына жауапты. Алаптағы 15 көшеге тас жол төселген.

Алайда Астана қалалық мәслихатының 8-шақырылым депутаты Азамат Айтқожиннің айтуынша, Мичурин тұрғындарының кешке немесе бос уақытта серуендейтін орындары жоқ. Сондықтан кейбір лайықты жерлерде сквер парк салу керек. «Депутаттармен кездесу барысында сонымен қатар олар алаптағы спорттық құрылысты басқа орынға көшіріп, орнына автобус аялдамасын салуды сұрады. Қазір мұндағы аялдама стандарттарға сай келмейді» дейді ол.

Бірнеше жерден жаңадан балалар алаңы салынып, кішкентай балдырғандардың бос уақытын өткізуге септік етеді. Алап бойынша инспектордың айтуынша, қала орталығындағы Қ.Сәтбаев көшесін қайта құру жұмыстары жүргізілуіне байланысты сол жерден босаған, ойын алаңдарына арналған «МАФ» жабдықтарының анағұрлым сапалысы осындағы балалар алаңдарына қойылуда.



### КҮЙГЕНЖАРДЫҢ КҮЙІ ҚАНДАЙ?

Күйгенжар деген қазақы тарихи атауды алған тұрғын алапта 1135 адам 132 жеке үйде тұрып жатыр. Ауылдың басты әлеуметтік нысаны ашылғанына көп болмаған 600 орындық мектепке тек күйгенжарлықтар ғана емес, көрші жатқан Ақмола облысына қарасты №41 бекеттен, Жібек жолы ауылынан келіп оқитын оқушылар көп. Шағын алапта 8 көше бар. Көше жолдары жөнделген. Тұрғын алаптардың үшеуінің де көшелері жарық диодты жарықтандыру жүйесімен жабдықталған. Сондықтан қараңғы түссе де мұнда көшелер жарқырап тұрады. 2020 жылы Күйгенжар тұрғын алабының тұрғындары үшін балалар ойын алабы, тренажерлары және футбол алаңы бар қоғамдық кеңістік абаттандырылды.

Күйгенжар, Интернациональный және Мичурин елді мекені тұрғындарын толғандыратын мәселелер, негізінен, электрмен және сумен жабдықтау желілерінің ескілігі. Бұл желілер сонау 1960 жылдары салынғандықтан, әбден тозған. Интернациональный тұрғын алабында 2021 жылы сегіз көше бойынша, нақтырақ айтсақ, Жағажай, Көксай, Мереке, Армандастар, Аралқұм, Алтындала, Нұрлыжол, Құрылысшылар көшесінде 9 шақырым сым ауыстырылып, 2 апаттық қосқыш орнатылды. Мичурин тұрғын алабында 26 толық трансформаторлық қосалқы станса (ТҚС), 13,2 шақырым кабель орналасқан. Былтыр ұзындығы 1,57 шақырым жалаңаш сымды ауыстыра отырып, үш ТҚС-ге күрделі жөндеу жүргізіліп, техникалық қызмет көрсетілді, сондай-ақ бес ТҚС және бір қосқыш монтаждалды. Күйгенжарда инвестициялық бағдарлама бойынша толық трансформаторлық қосалқы станса мен жалаңаш сымды өзін-өзі қамтамасыз ететін оқшауланған сымға ауыстыру жұмыстарын жүргізу жоспарланып отыр.

Биыл кездесулерде қала әкімі Жеңіс Қасымбек жалпы алаптардағы негізгі мәселе – инженерлік желілер екенін айтқан. Сол кезде ол: «Биыл барлық тұрғын алаптарда 13 км кәріз желісін, 27,5 км сумен жабдықтау желісін, 20 км электрмен жабдықтау желісін, 5 км нөсер кәрізін, 2 кәріз сорғы стансасын салу, 7,4 км газ желісін тарту жоспарланып отыр, – деген болатын. Бұл жұмыстар да жоспарға сай жүйелі түрде орындалып келеді.

# МАҢ МАҢҒЫСТАУДАН МЫҢ СӘЛЕМ

Сейсенбі күні бас қалада Астана қаласының 25 жылдығы мен Маңғыстау облысының 50 жылдығы аясында «Маңғыстаудан мың сәлем, Алаш төрі!» атауымен майлы қиян елінің мәдени күндері басталды. Өңір астаналықтарға әртүрлі бағытта үш күнге жалғасатын ауқымды бағдарлама ұсынып отыр.

**Аманғали ҚАЛЖАНОВ**


Василий КРАСЬ

### БАЛАЛАРҒА БАЗАРЛЫҚ – «ДАСТАРҚАН»

Маңғыстау облысы Мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының басшысы Әбілқайыр Байпақовтың айтуынша, бұл шаралардың барлығы таза ұлттық нақышта, қазақ өнерінің, қазақ мәдениетінің талғамы биік, басқа өркениетті елдердің ешқайсысынан кем емес екенін паш етеді. Сондай шараның бірі – мәдени күндерді ашып берген Маңғыстау облыстық Қуыршақ театрының «Дастарқан» қойылымы.

Аталмыш театр директоры, мәдениет саласының үздігі Фарида Атакееваның сөзінше, балаларға арналған бұл спектакль авторы – Надежда Насырова. Қойылым Астана қаласының Қуыршақ театры сахнасында және қайырымдылық мақсатында «Жансая» әлеуметтік қызмет көрсету орталығындағы кішкентай көрермендерге көрсетілді.

– «Дастарқан» – репертуарымыздағы ең үздік спектакльдің бірі. Оны қоюдағы мақсатымыз – қазақтың ұлттық құндылығын балалар бойына сіңіру, балдырғандарға киіз үйдегі бұйымдардың қайдан келетінін, қалай жасалатынын, шығу тарихын, ас бөлмедегі ыдыс-аяқтың тарихын, қандай мақсатта пайдаланатынын көрсетіп, түсіндіру. Жалпы бұл – трилогияны түйіндейтін туынды. Оның алғашқысы «Айжан әжейдің ертегісі» деп аталады. Екіншісінің атауы – «Қайта жаңғырған өрнектер». Ал үшіншісі – осы «Дастарқан», – дейді Фарида Момбекқызы.

### МАҚАМЫ МӘШҺҮР ӨЛКЕ

Ал Қазақ ұлттық өнер университетінде «Мақамы мәшһүр Маңғыстау» атты күй кеші өтті. Кеште Әзірбай Өскінбаев бастаған өңірдің танымал жыршы-термешілері мен күйшілері өнер көрсетіп, аталмыш университет ұстазы Жұмабек Қадырқұловтың «Маңғыстаудың 100 күйі» хрестоматиясының және Сұлтанбек Құдайберген мен Ақылбек Тасқараұлының «Маңғыстаудың дәстүрлі жыршылық орындаушылық үлгісін оқыту әдістемесі» оқу-әдістемелік құралының тұсауы кесілді.

– «Мақамы мәшһүр Маңғыстау» жобасы турне болып өтті. Осы жобамен өнерпаздарымыз Түркия, Әзербайжан, Өзбекстан, Қарақалпақстан елдеріне барып, «Қырымның қырық батыры» жырын жырлап, күй өнерін дәріптеді. Негізгі мақсатымыз – осы жырды ЮНЕСКО-ның материалдық емес құндылықтар қатарына енгізу, – дейді Әбілқайыр Байпақов.

«Мақамы мәшһүр Маңғыстау» жобасының идея авторы, көрнекті ақын, аудармашы, халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының иегері Светқали Нұржанның айтуынша, Маңғыстауды мекен еткен жеті жұрттың бүкіл үні мен мұңы домбыра мен қобызда сақталған. Және бұл жобаның «Мұң қиянның мың күйі» аталатын екінші аты бар.

### ҚОС ҚОЙЫЛЫМ

Н.Жантөрин атындағы Маңғыстау облыстық музыкалық-драма театры астаналықтарға Франц Кафканың «Құбылу» әңгімесі желісімен қойылған белгілі жазушы, драматург Ермек Аманшаевтың пластикалық драмасын ұсынды. Дина Жұмабаева сахналаған аталмыш қойылым трансформацияға ұшыраған адамның өмірінен сыр шертеді. Спектакль көрерменді тың ойға жетелейді.

Осы өнер ұжымы елордаға тағы бір қойылыммен келді. Заңғар жазушы Мұхтар Әуезовтің «Қорғансыздың күні» әңгімесі желісімен сахналанған бұл туындыны (қоюшы режиссері – Гүлсина Мирғалиева) бүгін кешке М.Горький атындағы Мемлекеттік академиялық орыс драма театрының сахнасынан тамашалауға болады.

### ТУРИЗМДІ ТАНЫСТЫРЫП, ДӘМ МЕН ДӘСТҮР ҰСЫНДЫ

Кеше Достық үйінде Маңғыстау облысы туризм саласының «Марс пейзаждары» атты көрме өтті. Көрмеге келушілер қойнауы ғажайыпқа толы маңғаз мекен, маң дала Маңғыстаудың табиғатын, қайталанбас көрінісін тамашалады. Сонымен қатар Маңғыстау өңірінің көрме-жәрмеңкесінде шұбат, балқаймақ, құрт пен ірімшік, балық өнімдері ұсынылды. Ал «Маңғыстау – ұлттық құндылықтар құндақталған мекен» атты рухани шара барысында сәлем салу, тұсау кесу, бата беру сынды ұлттық салт-дәстүрлер көрсетілді.

### КӨРМЕЛЕР МЕН КОНЦЕРТ

Бейбітшілік және келісім сарайында Ә.Кекілбаев атындағы Маңғыстау облыстық тарихи-өлкетану музейінің «Маңғыстау қазақтарының ұлттық киім үлгілері» көрмесі мен «Ғасырлар қойнауындағы Маңғыстау» археология көрмесі ашылды. Онда XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында Маңғыстау қазақтары киген ұлттық киім үлгілері мен күмістен соғылған әшекей бұйымдары қойылды. Сондай-ақ «Дала өркениеті – көшпенділер қолөнерінде» атты қолөнерші Алдаберген Тіленбаевтың сүйектен жасалған бұйымдар көрмесі мен «Күмбірлейді күмістер» атауымен Нұрнияз Мұхановтың жеке коллекциясынан жасақталған көрме ұсынылды. Ал «Маңғыстаудан мың сәлем, Алаш төрі!» гала-концертінде өңірдің белгілі өнер майталмандары мен ең үздік шығармашылық ұжымдары өнер көрсетті.

Маңғыстау облысының Астанадағы мәдени күндері бүгін де «Ақиық өлке, алғи жыр» әдеби-сазды кешімен жалғасып, «Мерейлі мекен – мұнаралы Маңғыстау» атты концертпен түйінделеді.






Сұлтан СЕЙІТ

# ҚАЛА ДЕҢГЕЙІНДЕ ҚАЛМАҒАНЫ ЖӨН

Қазақ ұлтында би өнері – шарықтаған шат көңілдің белгісі. Қазақ биі – бишінің қозғалысы мен дене қимылы арқылы көркем образды бейнелейтін ұлттық сахна өнері. Қазақтың халық би өнері – ерте заманнан қалыптасқан, халқымыздың аса бай ауыз әдебиетімен, ән-күйімен, дәстүрлі тұрмыс-салтымен біте қайнасып келе жатқан ел мұрасы. Халық көркем ойының бір көрінісі ретінде би өнері өзінің эстет болмысында қазақ жұртының жалпы дүниетанымына сай арман-мұратын бейнелейтін қимылдар жүйесін қалыптастырған.

Осы құбылысты дәл байқаған азаматтарымыз 2007 жылдың 1 наурызында елімізде тұңғыш рет би театрын ашуға күш салды. Ұлтымыздың сұлу сазын назды қимылға айналдырған бишілерге қарап «Наз» деген ат қойылды. Қала сыртынан, кейіннен қала құрамына кірген «Көктал-1» шағын ауданынан ғимарат та берілді. Ол ғимарат 1962 жылы салынып, 1990 жылдардың басынан бері қаңырап бос тұрған мәдениет үйі болатын.

Би өнерін бағалайтын көрермен үшін театр өте алыс. Өз кәсібіне адал ұжым мүшелері, ғимараттың алыстығына, дайындыққа қолайсыздығына қарамастан, жұмысын жүргізуде. Өкіністісі, жырақта орналасқан театр ұжымының еңбегі көп көрерменіне жете бермейді. Есесіне бишілердің өнерін еліміздің ресми қонақтары тамашалайды. Ұлттық нақыштағы киімдері мен қайталанбас қимылдарына тамсана қарайды. Елімізде түрлі классика жанрындағы би ұжымы баршылық. Ұлтымыздың төл өнері болмағандықтан, шетелдік қонақтарға бұл аса таңсық емес. Аптап ыстық пен қақаған аязға қарамастан, ұлттық киіммен бұрала билеп, әуежайларда қарсы алатын – «Наз» би театры ұжымы. Билеуге арналған ұлттық киім сібір халықтары секілді қалың емес екені баршаға аян. Өзге елдерге мәдени сапарға бірге апарып мақтана көрсетеріміз де осы ұжым. Тізе берсек, «Наз» би театрының еңбегі ұшан-теңіз. Себебі біз осы театрдың құрылғаннан бастап өркендегеніне дейін көріп жүрген азаматпыз. Театрдың тынысын білетін жанашыр көрерменбіз. Біздің түсінігімізде дәл қазіргі кезеңде «Наз» мемлекеттік би театрымен деңгейлес би ұжымы жоқ. Тек би қойылымдары ғана емес, ауқымды би спектакльдерін сахналап, драма театрлармен де сайысқа түсіп жүрген бірден-бір ұжым. «Тұйғындар», «Шыңғысхан», «Мың бір түннің бір түні» хореография спектакльдері – шоқтығы биік қойылымдар. Ал хакім Абайдың 175 жылдығына арналған «Әзімнің әңгімесі» спектакліндей қойылымды Қазақстанда ешбір театр қойған жоқ. Яғни ұлы Абайдың өзі жазған, аяқталмаған поэмасын жаңа көзқараспен аяқтап, жалпы әдебиетімізде көмескіленіп қалған дүниеге жан бітіріп, жарқыратып қазақ сахнасына ұсынған бірден-бір театр.



Еліміздегі тұңғыш би театры – қалалық әкімдіктің құзырында. Мемлекеттің, ұлттың өнерін паш етіп жүрген ұжым бір қаланың деңгейінде қалуы жөн емес. Мемлекетаралық, республикалық және халықаралық деңгейдегі, Президенттің қатысуымен өтетін, Үкімет деңгейіндегі мәдени іс-шаралар «Наз» би театрының қатысуынсыз өтпейді. Сондықтан осы жайттарды ескеріп, «Наз» мемлекеттік би театрын ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің тікелей құзырына берген жөн болады. Сол арқылы, ұлттық би өнерімен қатар, ұжымдағы костюм тігушілер мен хореографтардың шығармашылық тынысы ашылар еді. «Наз» би театры – бұл қазақ деген халықтың тұтас болмысын көрсететін, қайталанбас қолтаңбасы бар ұжым.

**Тұрар ШӘКЕН,**
**тарихшы, этнолог, «Қара шаңырақ» ҚБ директоры**

## ДҮЙСЕНБІ

## 13 ҚАРАША

**QAZAQSTAN**

6:00 Әнұран
6:05 «Жәдігер»
6:30 «Күй-керуен»
7:00 «TAŃSHOLPAN».
10:00 AQPARAT
10:10 «Қилы күндер». Телехикая.
12:00 БОКСТАН ҚАЗАҚСТАН ЧЕМПИОНАТЫ.
18:00 «ҚИЛЫ КҮНДЕР». Телехикая.
20:00 AQPARAT
20:35 «ASHYQ ALAŃ».
21:30 «АЛДАНҒАН АРМАН». Телехикая.
23:00 «СЕЗІМ ТОЛҚЫНЫ». Телехикая.
0:00 «Көңіл толқыны»
0:25 AQPARAT
1:00 «Сана»
2:05 «Ауылдастар»
2:35 «Ashyq alań». Қоғамдық-саяси ток-шоу.
3:25 «Бірегей»
4:15 «Bizben birge...»
5:00 «Жәдігер»
5:20 «Күй-керуен»

05:00 КОМЕДИЯ. «2+1»
07:00 ТІКЕЛЕЙ ЭФИРДЕ «ОЯН!»
10:00 «МЕКТЕП»
10:30 МУЛЬТФИЛЬМ.
11:50 «ДЕСЯТЬ ДРУЗЕЙ КРОЛИКА»
12:00 ТЕЛЕХИКАЯ. «ТАҒДЫРҒА СЕН»
14:00 «АЙНАLINE»
15:00 «БОЗТОРҒАЙ. ЖЫЛЫ ҰЯ»
16:00 «ПРОСТИТЬ НЕЛЬЗЯ РАССТАТЬСЯ»
18:00 НОВОСТИ.
18:20 ТОК-ШОУ. ИТОГИ
19:00 ЖАҢАЛЫҚТАР
19:20 ТОК-ШОУ. БІЗДІҢ МАҚСАТ
20:00 ТЕЛЕХИКАЯ. «ТАҒДЫРҒА СЕН»
21:45 «БОЗТОРҒАЙ. ЖЫЛЫ ҰЯ»
23:00 «ҰЙҚЫМ КЕЛМЕЙДІ»
00:00 «ПРОСТИТЬ НЕЛЬЗЯ РАССТАТЬСЯ»

**ASTANA TV**

06.00 «Ене» үнді телехикаясы
06.20 «Қара шаңырақ» телехикаясы
